



КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕСТЕГІ ҚАДАУ-ҚАДАУ МӘСЕЛЕ

Шілде айының 10 жұлдызында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Бұл шара бейнебайланыс режимінде ұйымдастырылып, оның тікелей хабарын бұқаралық ақпарат құралдары «Қазмедиа орталығынан» таратып жатты.

Бұл Үкіметтің кеңейтілген кеңесінің биылдыққа бірінші басқосуы емес. Бұған дейін Мемлекет басшысы жыл басында Үкіметтің жаңа құрамымен кездесу өткізіп, елдің 2020 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуын қорытындылап, 2021 жылы атқарылуы тиіс шаралардың жоспарын жасаған болатын. Ал бұл жиында бірінші жартыжылдықтың нәтижесі талқыланды.

— Индетке және шектеу шараларына қарамастан, ел экономикасы жарты жыл ішінде 2,2 пайызға өсті. Бұл — қуантарлық жайт. Былтыр пандемияның салдарынан жалпы ішкі өнім 2,6 пайызға төмендеді. Біз оны тезірек қалпына келтіруіміз керек. Дағдарысқа қарсы қабылданған шаралармен және карантин шектеулерімен бірге әлемдік экономиканың жандануы іскерлік белсен-

діліктің қайта қалпына келуіне септігін тигізді. Біздің міндетіміз — екінші жартыжылдықта экономика өсімінің қарқынын арттыру, — деді Президент.

Сондай-ақ экономиканы дамыту үшін республикаға сырттан келетін инвестицияның маңызы орасан. Алты ай уақыт ішінде шетелдерден 4,4\$ млрд тікелей инвестиция түскен. Бұл көрсеткіш бойынша Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы алда тұр. Ал Батыс Қазақстан мен Атырау облыстарында оның көлемі керісінше төмендеген.

(Жалғасы 2-бетте)



ПРЕЗИДЕНТ ДЕНИС ШИППТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Жоғары Сот кеңесінің төрағасы Денис Шиппті қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жоғары Сот кеңесінің биылғы жартыжылдықта атқарған жұмысының қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндалды.

Сонымен қатар Президентке қажетті әділет соттарының кадрлармен қамтамасыз етілуі жөнінде мәлімет берілді. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Денис

Шиппке сот корпусын одан әрі жаңғыртуға және сот жүйесіне мейлінше сауатты әрі құзыретті мамандарды тартуға септігін тигізуі тиіс бірқатар міндет жүктелді.

Жалақымен қоса баға да өсе ме?

Бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы өседі деген күннен-ақ жұрттың жүрегі ауырады. Өйткені жыл сайын өсетін жалақының соңынан қос бүйірді қысатын қымбатшылық та кешіктірмей жетеді. Айталық, соңғы бес жылда су мен жарық, жанар-жағармай, азық-түлік бағасы елдегі жалақы мен жәрдемақымен қатар шарықтаған.

Төрт жыл бұрын елдегі орташа айлық жалақы 149 669 теңгені құраса, 2018 жылы 164 552 теңгеге өскен. Ал 2019 жылы орташа табыс көзі 191 мың, былтыр 233 136 теңгеге жетті. Дегенмен биылғы жылдың бірінші тоқсанында бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 230,8 мың теңгені құрады. Айта кетейік, елдегі ең төменгі жалақы мөлшері биыл 43 мың теңгеге жетпейді. Жұмыс берушілер сайтта ұсынатын Қазақстандағы орташа жалақы әлі 179 мың теңгеге тең.

Айлықтарына бола мемлекеттік қызметкерлерге аландауға негіз жоқ. Себебі биыл шілдеден бастап мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізілді. Ол бойынша лауазымның деңгейі емес, оның маңызы ескерілетін болады. Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің жалақысы 30%-дан 150%-ға дейін



көтеріледі. Жалақы төлеуге арналған жаңа жүйе орталық пен өңірлер арасындағы еңбекақы сәйкессіздігін жоюға бағытталған. Қолданыстағы тор негізінде лауазымды қызметкерлердің айлығын көтеріп, төменгі буында жұмыс

істейтіндер ең аз жалақы алып келсе, ендігі жерде еңбекақыны өсіру қызметкердің лауазымына емес, атқаратын жұмысының ауырлығына қарап бағаланады.

6 >>

Сапархан Омаров неден сүрінді?

Ауыл шаруашылығы министрлігін екі жыл басқарып, өткен аптаның соңында Президенттің Жарлығымен орнынан босап қалған Сапархан Омаровтың «тұзы жеңіл» ме, жолы ауыр ма, әйтеуір, саладағы ең күрделі мәселелер шаруаларға осы азаматтың министр болып тұрғанында бірінен соң бірі ауыр соққы болып тиді. Атап айтқанда, 2019-2021 жылдар аралығында өршіп кеткен бруцеллез, сібір жарасы, құс тұмауы, қуаңшылық және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қымбаттағанын көрдік. Сонымен, экс-министр Сапархан Омаров қызметінен неге кетті?



ӨЗ САЛАСЫН ӨРТЕ СҮЙРЕЙ АЛМАДЫ

Сонымен, таяуда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген құрамдағы отырысында Ауыл шаруашылығы министрі отставкаға кетуі қажет де-

ген тоқтамға келді. Оның айтуынша, елімізде азық-түлік қымбаттап, елдегі инфляция алғашқы жарты жылда 7,9 пайыз болып, белгіленген нысаналы дәлізден 4-6 пайызға әлдеқайда жоғары болып шыға келген. Осылайша,

пандемия азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан Қазақстанның осалдығын әшкерелеп берді. «Сонымен бірге отандық ауыл шаруашылығы саласының ішкі нарықты базалық өнімдермен қамтамасыз ете алмауына қатысты сын өте әділ», — деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте көкөніс қоймаларын салу және жаңғырту бойынша тапсырма бірнеше рет берілген. Ол мәселе Үкімет отырыстарында да қаралған еді. Өкінішке қарай, жағдай жақсы жаққа өзгермей, көкөніс өнімдерін сақтау үшін жеткілікті қуаттар тек Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар және СКО-да ғана бар болып шықты. Осының бәрін ескерген Қасым-Жомарт Тоқаев Сапархан Омаровты Ауыл шаруашылығы министрі лауазымынан босату туралы Жарлыққа қол қойды.

(Жалғасы 5-бетте)

Монополист компаниялар электр желілерін иеленбек

Ақмола облысының бірқатар ауданында тозығы жеткен электр желілерінің Ақмола электр желілік үлестіру компаниясына берілмей келе жатқанын өткен сандарымызда көтергенбіз. Мәселе ондаған жылдан бері шешімін таппаған. Дегенмен сең қозғалып, түйіннің шеті тарқатылған сияқты. Мүдделі министрліктер бірнеше күннен кейін дереу қолға алып жүргізген жұмыстары туралы баян етті.

7 >>



Вакцина куәлігін саудаға салғандар



Коронавируста қарсы екі епке әзірленген бері ел ішінде вакцинаға қатысты жалған ақпараттар мен түрлі қауесеттер таралғанын білеміз. Соның әсері ме, вакцинаға күмәнмен қарайтындардың қарасы көбейді. «Адамнан айла артылмас» демекші, осы күні епке алғысы келмегендер вакцина паспортын сатып алуға асық. Ал оны саудалайтындарға әлі де кедергі аз секілді. Себебі ғаламторды шарлап, біраз көз жүгіртсеңіз, мұндай ұсыныстарды жиі кездестіресіз. Заңсыз әрекеттің жайлағанына қарап, «ақ халатты абзал жандарымыз деп құрметтейтін азаматтар ақша үшін арын сатқаны ма?» деген ой келеді.

5 >>

Жұмысшылар неге наразы?

Жаңаөзендегі «КЕЗБИ» жеке шағын серіктестігінің жұмысшылары еңбек жағдайларын жақсартуды және жалақыны көтеруді талап етіп, өреуілге шықты. Мемлекет басшысы мен еліміздің ірі мұнай компаниясына үндеуін әлеуметтік желіде жариялады.

Жаңаөзенде күннің аптап ыстығында алты күн бойы өреуілдеткен «КЕЗБИ» ЖШС-нің жұмысшылары басшыларына 12 тараудан тұратын талап қойды. Таратып айтсақ, жалақыны көтеру, сыйақы төлеу жүйесін қайта қарастыру, зиянды аймақта жұмыс істегені үшін ақы төлеу, жұмысшыларды еңбек өтіліне қарай мансаптық өсіру мен жылдық еңбек демалысына сауықтыру үшін бір айлық жалақы көлеміндегі қосымша ақы төлеу.

7 >>



Кеңейтілген кеңестегі қадау-қадау мәселе

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

ӘЛЕУМЕТТІҢ АХУАЛЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Бюджет саласының мамандары үшін жақсы жаңалық – биыл олардың табысы әжептәуір артады. Үкіметтің жоспарына сәйкес, біліктілік санаттарына қарай 600 мың педагогтің еңбекақысы – 25 пайызға, 247 мың медицина қызметкерлерінің еңбекақысы 20-30 пайызға көбейеді. Әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысы 50 пайызға ұлғаймақшы.

Нәтижесінде, мұғалімдердің орташа айлық жалақысы – 234 мың теңгеге дейін, дәрігерлердің жалақысы – 320 мың теңгеге дейін, әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысы – 180 мың теңгеге дейін және мемлекеттік қызметкерлердікі 267 мың теңгеге дейін артады.

Ал енді бәрімізді алаңдатқан денсаулық сақтау саласына келсек, індеттің екпіні былтырдан бері қайтпай тұрғанына қарамастан, жақында «жығылғанның үстіне жұдырық» болып, оның тағы бір жана шамдары қосылды. Мемлекет басшысының айтуынша, халық мұндай жағдайға бейімделіп, өмір сүруді үйренуі қажет. Індет таралған ірі ошақтардың пайда болуын азайту және денсаулық сақтау жүйесіне шектен тыс салмақ түсуіне жол бермеу – өзекті міндет.

Күрделі жағдай мен өлім-жітімді азайту, сондай-ақ ауыр халдегі науқастарды емдеуге баса мән беру керек. Коронавирусқа қарсы күресте өзгеше әдістерді пайдалану медициналық аспектілерге ғана емес, бизнестегі шектеу шараларына да қатысты. Мониторинг жүргізу топтарының жұмысын қайта қарап, Ashyq жүйесі сияқты цифрлық шешімдерді белсенді пайдалану қажет. Шағын және орта бизнес қызметкерлерін вакциналау мерзімін науқаншылыққа ұрындырмай, шынайы жүргізу керек, – деді ел Президенті.

ЖАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАСАҒАНДАР ЖАЗАЛАНАДЫ

Жел сөзін адамға қашан пайдасы тиіп еді?! Ол залалсыз болса түк емес-ау, ал халықтық, мемлекеттік маңызы бар ірі іс-



терге кесірін тигізіп жатса, ең қауіптісі – сол. Мәселен, ел ішінде індетке қарсы вакцинациялау шарасы туралы түрлі қауесет пен болжам көп, әркім әртүрлі айтады, оның шындығының түбіне жету қиын. Осындай көлденең сөздер халықтың жаппай екпе алуына кесірін тигізіп отыр. Енді біреулер екпе алмас үшін жалған құжат жасау жолына түскен.

Осыған орай Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев вакциналау бойынша жалған құжат жасаудың қоғам үшін өте қауіпті екенін ескертті.

– Антисептиктердің қауесет, даңғазы әнгімелеріне сенудің қажеті жоқ. Сондықтан біз екпе салу науқанын жалғастырамыз. Ал кейбір жекелеген салаларда міндетті түрде вакцина салдыру қажет болады. Бұл үшін заңнамалық та, конституциялық та негіз бар. Тұрасын айтсақ, бұл – әркімнің өз отандастары алдындағы міндеті, парызы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы QazVac вакцинасының, сондай-ақ халықаралық деңгейде мойындалған екпелердің қолжетімді болуы керегіне тоқталды.

«Отандық QazVac вакцинасы халыққа қолжетімді, сонымен қатар мамыр айында елге Pfizer вакцинасының 2 млн дозасы жеткізілуі тиіс болатын. Бірақ бұл жоспар орындалмай қалды» деп Үкіметтен оның себебін сұрады.

Үкімет басшысы оның себебін жеткізу талабының өзгеруімен түсіндірді. Президент аталған вакцинаның жеткізілуін

жеделдетіп шешуді және халықаралық талапқа сай оған қатысты кез келген Жарлыққа қол қоятын естіртті.

«Біз азаматтарымыздың өздері қалаған екпені салдыруына мүмкіндік беріміз қажет. Pfizer вакцинасына қолжетімділік мәселесін қысқа мерзім ішінде шешу керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласының өзекті проблемаларын тілек тиек ете отырып, оқыту жүйесі жана оқу жылынан бастап бұрынғы форматына оралуы керегін ескертті.

«Індет оқушылар мен студенттердің білім алуына кері әсер етті. Былтырғы оқу жылында балалар онлайн оқыса, енді жана оқу жылында оқушының бұрынғы жүйесіне қайта оралуды тапсырамын», – деді ел Президенті.

Мемлекет басшысы осыған орай қауіпсіздік шараларын мүлтіксіз сақтап, студенттер мен оқушылардың дәстүрлі білім алуына барынша жағдай жасау қажеттігін, індетпен күресте вакцинациялауға айрықша мән беру керегін айтты.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯ

Президент дағдарысқа қарсы қабылданған шараларға байланысты қаржының тым көп салынуы және жеңілдетілген ақша-несие саясаты инфляцияның қарқынын күшейтіп жіберді деп санайды. Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымдарының мәліметі бойынша, азық-түліктің әлемдік бағасы 40 пайызға

өскен. Бұл – он жыл ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. Осындай жағдайда еліміздегі инфляция деңгейі бірінші жартыжылдықта 7,9 пайызға жетті. Азық-түлік бағасының қымбаттауы аса өзекті проблемаға айналды. Пандемия азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан еліміздің осал тұстарын айқындап берді.

Отандық ауыл шаруашылығы саласының ішкі нарықты негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ете алуына қатысты айтылып жатқан сын өте әділ. Өндірістік шығындардан бөлек, маусымдық қымбатшылық пен делдалдық әрекеттердің ашық болмауы баға белгілеудің негізгі факторы саналады. Аты айтып тұрғандай, тасымалға маусымдық болжам жасауға болады. Демек, оны реттеуге де болады деген сөз. Аталған мәселені шешудің жолы – келесі маусымға дейін өнім сақтайтын заманауи әрі қолжетімді инфрақұрылым қалыптастыру. Көкөніс сақтайтын қоймалар салу және жаңғырту жөнінде бірнеше рет тапсырма берілді. Бірақ жағдай жақсарған жоқ. Бұл проблеманы жүйелі шешу керек. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, көкөніс сақтайтын қоймалар салу және жаңғырту жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Осы мақсатты қолдау үшін біздің көптеген бағдарламамыздан қаржы бөлініздер, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

МАЛ ӨЛІМІНЕ ҚУАНШЫЛЫҚ СЕБЕПКЕР МЕ?

Биыл Қызылорда, Маңғыстау өңірлерінде қуаншылық пен соның салдарынан болған жаппай мал шығыны әлі көпшіліктің аузында жүр. Соның кесірінен Маңғыстауда жекеменшіктің қолындағы мал басы – 0,13%-ға, Қызылордада 0,03%-ға кеміген. Мәселен, Маңғыстауда 3 мың бас мал шығын болған. Ал жемшөптің тапшылығынан кей өңірлерде шөптің бір тоннасы – 23 мың теңге, енді бір өңірде 42 мың тоннаға жеткен.

Президент осы мәселеге қатысты қынжылы білдіре келіп, бүгінгі жағдайда ауылдықтарға 29 млн гектар жайылым жетпей жатқанда, 33 млн гектар жердің қолданусыз бос жатуын айтып сынады.

«Әрине, қуаншылық – табиғи құбылыс. Бірақ мұндай жағдайда жауапты министрлік шұғыл шаралар қолданып, тез шешім қабылдауы тиіс еді. Алайда ми-

нистрлік өзіне жүктелген міндетін атқара алмады. Сондықтан Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровқа өз еркімен қызметінен кетуге кеңес беремін», – деді Мемлекет басшысы.

Қазір өңірлерде жапа шеккен фермерлер үшін мал жайылымы мен шабындық жерлер ұйымдастырылды. Ирригациялық инфрақұрылымды жетілдіру арқылы суарылатын жерлерді қалпына келтіру жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Жыл соңына дейін 1 050 шақырым желіні жөндеу жоспарланған. Соның арқасында жеткізілу кезінде 200 млн текше метр шығын үнемделіп, 78 мың гектар суарылатын алқап қалпына келтірілмекші.

Жилын барысында Үкімет пен әкімдерге «Бәйтерек» холдингімен бірлесіп, зиян шеккен фермерлерге қолдау көрсету үшін шұғыл түрде кешенді шаралар әзірлеу жөнінде тапсырма берілді.

ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫ АРТУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы тұрғындардың нақты әрі номиналды табысының өсімі азайып, табыс түрлеріндегі өзгерістер де көңіл көншітпейтінін айтты. Сондай-ақ Президент зиянға, жәрдемақы және стипендия сияқты әлеуметтік трансфертер арқынымен, еңбек табысы азайып бара жатқанына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағытта шұғыл әрі ауқымды шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл шаралар еңбек табысы мен кәсіпкерлік қызметпен айналысудан түсетін табысты арттырып, көлеңкелі экономиканың ауқымын азайтуға және басқа да бастамаларды қамтуы тиіс.

– Ауылдың ахуалына баса назар аудару қажет. Менің тапсырмам бойынша Жамбыл облысында ауыл тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылды. Нәтижесі жаман емес – ауыл шаруашылығы өнімінің өндіру екі есе артты, мал басы 24 пайызға өсті. Жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алатындар, тіркелмей өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны азайды. Үкімет бұл жобаның ауқымын кеңейту мүмкіндігін қарастыруы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген кеңесінде бұдан басқа да көкейкесті мәселелерді көтеріп, олардың орындалуы жөнінде Үкіметке түрлі тапсырма берді.

7 мыңнан астам студент ЖОО-да оқуға кредит алған



2005 жылдан бері 7 287 қазақстандық студент ҚР БҒМ «Қаржы орталығы» АҚ көмегімен білім беру несиесін алды. Талапкерлер мен студенттер негізгі қарыз сомасын төлеу мерзімін 10 жылға дейін ұзартып, несиелен ала алады.

Бағдарлама мемлекеттік білім грантын ұтып алмаған талапкерлер мен студенттерді қолдауға арналған.

Еске сала кетейік, биыл білім беру грантының саны 5 мыңға көбейіп, бакалавриатқа – 56 мың, магистратураға – 13 мыңнан астам

және докторантураға 1 800-ден астам грант бөлінді.

Мемлекеттік білім грантын ұтып алмаған талапкерлер мемлекет кепілдігімен несиелену арқылы оқу ақысын төлей алады.

«Білім несиесін алған студент оқуын аяқтағаннан кейін 6 айдан

соң негізгі қарыз сомасын өтей бастайды. Несие сомасы шектелмеген, ең бастысы ол оқу құнынан аспауы тиіс. Сонымен бірге қарызды айыппұл санкциясыз мерзімінен бұрын төлеу мүмкіндігі де бар» деп хабарлады Білім және ғылым министрлігі.

Несие екіінші деңгейлі банктер арқылы рәсімдеуге болады. Талапкер білім беру несиесін алу үшін серіктес қарыз алушыны ұсынуы керек. Ол банкке жұмыс орнынан соңғы алты айдағы кірістері мен зейнетақы аударымдары туралы анықтамаларды тапсыруы тиіс.

Сонымен қатар серіктес банктердің әрқайсысы қарыз алушыға қойылатын талаптар мен оқу ақысын төлеуге несиелену шарттары көрсетілген жеке бағдарлама әзірлеген.

Банктің оң шешімінен кейін банк қарыз шартын жасап, кредит сомасы оқу орнының шотына аударылады.

Айта кетейік, «Қаржы орталығы» АҚ несиелер бойынша кепілдік береді.

Іздеуде жүрген 12 қылмыскер СҚО-дан табылды



Солтүстік Қазақстан облысының полицейлері Ресейде іздеуде жүрген 12 қылмыскерді ұстады. Бұл туралы СҚО Полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ресейлік полицейлер іздеген 12 қылмыскердің көбі Омбы

облысында қылмыс жасағаны үшін күдіктелген. Ал СҚО полицейлері ұстаған үш қылмыскерге Калининград, Челябин, Владимир облыстарында іздеу жариялаған.

Ресейлік жедел уәкілдер іздегінен екі солтүстікқазақстандық заңсыз кәсіпкерлікпен айналысты деген күдікке ілінген. Петропавлда ұсталған 42 жастағы

ер адам шекараны заңсыз кесіп өткені үшін ресейлік құқық қорғау органдары қызметкерлерінің назарына іліккен.

Ал 26 жастағы солтүстікқазақстандық Омбы облысының жедел уәкілдері есірткі қылмысын жасағаны үшін іздеген.

Сонымен бірге СҚО аумағында ұсталған қылмыскерлер ауыр дене жарақатын келтіру, билік өкіліне күш қолдану, заңсыз көші-кон ұйымдастыру бойынша айыпталған.

СҚО ПД Криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері күдіктілерді анықтап, заңнамамен қарастырылған рәсімдерді жүргізді. Кейін қажетті мәліметтер Ресейдің құқық қорғау органдарына жіберілген.

«Шекаралас өңірлердің Ішкі істер министрлігі ұстаған үш қылмыскермен бірлесіп жұмыс жүргізу мәселелерін жедел шешуге көмектеседі. Басты міндет – жазадан бұлтартпау қағидатын қамтамасыз ету», – деді СҚО ПД Криминалдық полиция басқармасының бастығы Петр Климов.

Төтенше жағдай жариялануы мүмкін

Ақмола облысының кей ауданында ауа райының қолайсыздығына байланысты төтенше жағдай жариялануы мүмкін. Бұл туралы «Nur Otan» партиясы Ақмола облыстық филиалы жанындағы аграрлық секторды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңесте айтылды.

Биыл өңірде жауын-шашын аз жауған. Қазгидрометтің мәліметінше, мамыр-маусым айларында аудандарға түскен жауын-шашынның орташа айлық мөлшері – 13,1 және 19,1 мм. Көрсеткіш қалыпты нормадан екі есе төмен (норма 33-35 мм). Бұл жағдай дәнді және бұршақты дақылдар егістіктеріне айтарлықтай әсер еткен. Кейбір аймақтарда жауын-шашын мүлде жауамаған.



Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Еркеш Әленовтің сөзінше, биыл 8 шілдедегі жағдай бойынша өңірдегі 1,8 млн гектар жер, яғни 40% аумақ жақсы жағдайда, 2,5 млн гектар жер, яғни 55% аумақ қанағат-

танарлық, 228,1 мың гектар жер, яғни 5% аумақ нашар жағдайда қалып отыр.

Қоғамдық кеңесте Ерейментау, Қорғалжын, Атбасар, Жақсы және Есіл аудандарының аграрлық жағдайына да қауіп төніп тұрғаны айтылды.

Түрмедегі адам саны бойынша дүниежүзінде 99-орында

Қазақстан түрмеде жазасын өтеушілер саны бойынша 3-орыннан (2002 ж.) 99-орынға (2020 ж.) түсті.

Бұл туралы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің басшысы Бибігүл Мұнайтыпасова айтты.

Басқарма басшысының айтуынша, түзеу мекемелеріндегі адам санының шамадан тыс көп болуы, сотталғандарды жасактарда ұстау, гигиеналық жағдайдың төмендігі, жұқпалы аурулар мен өлім-жітімнің жоғары болуына алып келеді.

Нәтижесінде, бас бостандығынан айыру орындарындағы адам саны азайып, Қазақстан әлемдік деңгейдегі «Түрмедегі адам саны бойынша индексте» 3-орыннан 99-орынға (2020 ж.) түскен.



Дайындаған М.БАҚЫТЖАН

Аграрлық кеңес фермерлерді қолдау шараларын ұсынды

Биыл 10 шілдеде «Nur Otan» партиясы жанындағы аграрлық секторды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысы өтті. Бұл жайында Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі, Аграрлық мәселелер комитетінің хатшысы, Аграрлық секторды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің төрағасы Берік Оспанов Facebook-тегі парақшасында жариялады.



Отырыста Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан және Алматы облыстарындағы құрғақшылық проблемалары және жемшөппен қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шаралар талқыланды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша, өңірлерде жедел штабтар құрылды, жем-шөп дайындау және қамтамасыз етуде жұмыстар жүргізіліп жатыр, қысқа жемшөп дайындау бойынша жоспарлар әзірленді.

Құрғақшылықтан зардап шеккен өңірлерге жемшөпті жедел

жеткізу, жайылымдар мен шабындық жерлерді уақытша пайдалану бойынша көрші облыстармен өзара іс-қимыл ұйымдастырылды. Тұрғындарға орман шаруашылықтары мен табиғи резерваттарда шөп дайындау мүмкіндігі берілді. Сондай-ақ шөп шабу үшін пайдаланылмайтын шалғындарды бөлу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ұлттық экономика министрлігі өкілдерінің ақпараты бойынша, жем дайындау үшін Маңғыстау облысына Үкімет резервінен 1,9 млрд теңге бөлінеді. Сонымен қа-

тар отырыс қорытындысы бойынша, кеңес мүшелері Ауыл шаруашылығы министрлігіне фермерлерге жанар-жағармайдың қосымша көлемін бөлу, Азық-түлік корпорациясы базасында жем-шөп қорын қалыптастыру жөнінде ұсынымдар берді.

Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын ескере отырып, кеңес уәкілетті органдарға жемшөппен толық қамтамасыз етуді, жергілікті жерлерде көкөніс қоймаларын салу мен жаңғыртуды сапалы іске асыруға назар аударуды ұсынды. Сондай-ақ азық құнын арзандату және оларды тасымалдау тарифтерін төмендету мәселесін қарау ұсынылды.

Құрғақшылық мәселесі 9 облыста аграрлық секторды дамыту жөніндегі қоғамдық кеңестердің отырыстарында да талқыланып, жауапты мемлекеттік органдардың есептері тыңдалды. Жалпы, құрғақшылық жағдайында фермерлерді қолдау мәселелері Аграрлық секторды дамыту жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің ерекше бақылауында болады.

Алматыда жүзеге асатын жаңа жобалармен танысты

Мәжіліс депутаттары – «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Бекқали Торғаев, Айдоос Сарым және Артур Платонов «Nur Otan» партиясының «Өзгеріс жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауды бағдарламасының орындалуын бақылау мақсатында Алматы қаласының Наурызбай ауданындағы Ala Estate шағын өнеркәсіптік саябағына барды.

Жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік базалар негізінде өнеркәсіптік парктер құру және жаңа өндірістік үй-жайлар салу Алматы қаласы бойынша Жол картасына енгізілген. 300-ге жуық жобаны жүзеге асыру алматылықтарға 25 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа барлығы 18,2 млрд теңге бөлінді.

Халық қалаулысы Артур Платонов мегаполисте шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған іс-шараларды жоғары бағалады. Мысалы, биыл жоспарланған 5 өнеркәсіптік парктің 4-еуі жұмысқа кірісті, олар Наурызбай, Түркістан және Алатау аудандарында орналасқан.

Наурызбай ауданында жиһаз, кондитерлік және галантерея бұйымдарын, кеңсе тауарларын, масқалар мен азық-түлік қаптамаларын шығаратын 9 өндіріс орны ашылды. Кәсіпорындар 120-ға дейін тұрақты жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

Өндірістің бірінде нұротандық мәжілісмендер қазақстандық материалдарын аз мөлшерін пайдалану жөнінде ескерту жасалды. Кәсіпорын басшылығы мәселені қысқа мерзімде шешетінін жеткізді.

Атап өтсек, кәсіпкерлер алаңдарды жалға алу бойынша ұсынылған шарттарға риза, бұл қажетті өнімді шығаруды уақытылы реттеуге мүмкіндік береді.



— Еңбекшінің тұрақты түрде төленуі, жұмыс істеу үшін жасалған жағдай және аталған өнеркәсіпке 2%-дық несие берілуі — мұның барлығы шағын және орта бизнеске бағытталған мемлекеттік қолдаудың және мегаполис идеологиясының күшейтінін көрсетеді. Бізді халықтың жағдайы толғандырады. Осы кездесулердің де ең негізгі себебі осы, — деп жұмыс тобының басшысы, депутат Бекқали Торғаев.

Нұротандықтар шетелдік инвесторлар мен технологияларды тарта отырып, сол өнеркәсіптік алаңда орналасқан трикотаж фабрикасын салу жобасымен танысты, онда 300 жұмыс орнын құру жоспарланып отыр.

— Бүгінде Алматы — еліміздің іскерлік астанасы, Қазақстанның экономикалық дамуының ірі локомотиві, Орталық Азия өні-

рінің негізгі көлік-логистикалық тораптарының бірі. Әлемнің үздік мегаполистерінің қатарына кіруге деген ұмтылыс жылына кемінде 5% экономикалық өсуді қамтамасыз етуді талап етеді. Бұған еңбек өнімділігін арттыру арқылы ғана қол жеткізуге болады, — деп атап өтті мәжілісмен Айдоос Сарым.

Сапар қорытындысы бойынша мәжілісмендер шағын және орта бизнесті дамыту «Nur Otan» партиясының және Қазақстанның жаңа экономикалық бағытының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

Еліміздің әрбір үшінші ШОБ кәсіпорны Алматыда жұмыс істейді, жұмыспен қамтылған 10 азаматтың 6-сы ШОБ-та жұмыс істейді. Партия бұдан әрі де кәсіпкерлікті дамытуға қолдаудың тиімді құралдары арқылы жәрдемдесетін болады.

Қалжыр ауылдық округіне іссапармен барды

«Nur Otan» партиясының Мәжілістегі фракциясының мүшесі Ерлан Саиров Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округіне іссапармен барды. Халық қалаулысы Facebook-тегі парақшасында аталған өңірдегі проблемаларды атады.

— Мәжілістегі фракция мүшесі ретінде аймақтарға іссапарымызды жалғастырамыз. Кеше Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округіне келді. Келе сала жемшөп, мал-жан мәселесімен таныстық. Қалжыр жакта жемшөп жылдағыдан аздау болғанмен жеткілікті мөлшерде жинап алуға жағдайы бар тәрізді. Қалжырлықтарды, көрші Боран ауылдық округі азаматтарын толғандыратын екі мәселе бар. Бірінші, ерекше су қоймасы саналатын Қалжыр өзенінің бойында заңсыз алтын шаю фактілері көбейген. Бұл процесс өзеннің фаунасына кері әсерін тигізеді. Қалжырда балық жоғалып кеткен, өзен мүлдем лайланған. Бұл проблемамен бөлек айналысамыз. Екінші проблема — шыбын-шіркей, маса. Ауылда масаның эпидемиясы. Масаның көптігі сонша, тек қана арнайы сетка киіп жүрмесе болмайды. Масаны уландыру ештеңе шешпей отыр, — деп жазды депутат.

Уландыру процесі жолға қойылған, оқтын-оқтын жұмыс жүйелі түрде жалғасып жатыр. Бірақ масаның азаяр түрі жоқ.

— Менің ойымша, бұл проблеманы түбегейлі шешу үшін масаның табиғи ошақтарын тауып, сол ошақтарды жою керек. Ал ол үшін осы жакта кешенді



ғылыми зерттеулер қажет. Экология, Ауыл шаруашылығы, Денсаулық сақтау министрліктері біріге отырып, жұмыс тобын құрып, Қалжыр өңіріне арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастыру өте өзекті. Бұл мәселемен тығызлықты айналысатын боламыз. Жалпы, Маркақөл өңірінен халықтың үлере көшуі тоқтай түр. Бұл проблеманың бір себебі әлеуметтік-экономикалық проблемалармен қатар (парадокс болса да) осы маса болуы да ықтимал, — деп жазды депутат.

Депутаттар ауданға келді



Парламент Мәжілісінің депутаттары Дүйсенбай Тұрғанов пен Нұрлыбек Ожаев Исатай ауданына барып жергілікті халықпен жүздесті.

Халық қалаулылары 2022 жылдың соңында аяқталуға тиіс Атырау—Астрахань күрежолының құрылысымен танысты. Пандемия кезінде де жол салу жұмыстары тоқтамағанымен, жергілікті тұрғындардың айтуынша, құрылыс баяу жүріп жатыр. Мәжіліс депутаттары осы мәселенің жай-жапсарымен танысып, құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мекеме өкілдерімен жүздесті. Қазір 277 шақырым жолдың 53 пайызы аяқталған.

Сапар барысында халық қалаулылары Исатай ауданының орталығы Аққыстау ауылында тұрғындармен жүздесіп, олардың өтініштілегін тыңдады.

Исатай аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Ж.Маштахов аудандағы каналдар мәселесін айтты. «Каналдар жөндеу көрген жоқ. Өткен жылы мемлекеттік сараптамадан өтіп, жобалау сметалық құжаттары жасакталды. Енді соған қаржы керек. Бір ғана Қызыл үй каналы жасалып жатыр. Енді басқаларына да қаржы бөлінесе. Көрші Маңғыстау облысындағы жағдай қайталанбасын десек, каналдарды жөндеу керек», — деді.

Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов: «Бұл мәселені облыс әкімімен кеңесіп, ақылдасып шешуге тырысамыз. Биыл бөлінгенің өзінде қаржыны толық игеру қиын. Сондықтан, келесі жылы шешуге жұмыс істейміз», — деп жауап берді.

Ал су мәселесі бойынша Д.Тұрғановтың айтуынша, Жайықтың тартылуына түрлі факторлар әсер еткен. Траншекаралық өзен бойына бөгет, қойма салынса,

келесі мемлекетпен келісу керек. Ал Ресей келіспей-ақ, заңсыз қоймалар, бөгеттер жасап алған. Бұл екі ел Президенті шешетін мәселе болып тұр қазір. Министрлер арасында нақты бағдарлама жоқ.

«Nur Otan» партиясы аудандық филиалдың саяси кеңесінің мүшесі Л.Мутянованың айтуынша, төрт ауылға жазғы су құбыры жұмысы мемлекеттік сараптамадан өтіп, жобалау сметалық құжаттары жиналды. Бір аудан орталығы Аққыстау ауылының өзіне 407 млн теңге қаржы қажет. Депутаттар осыған ықпал етіп, мәселенің он шешімін табуға қолдау көрсетсе деген халық өтінішін айтты.

Бұл мәселе бойынша жауап берген Д.Тұрғанов мұны аудан әкімі реттеуі керек екенін айтты. Исатай ауданының әкімі П.Хасанов: «Бірінші ішкі жол мәселесін шешуді жолға қойып отырмын. Жазғы су құбырын тарту да өзекті мәселе. Келесі жылы Ембімұнайғаз демеушілігімен Тұшықұдық ауылына жазғы су құбырын жүргізу жоспарда бар. Қалған ауылдар да кезек-кезенімен қамтылатын болады», — деп жауап берді.

Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Сыдықов: «Атыраудың айналасы экологиялық жағынан түйткілі аймақ. Ауданда құнаршаң басып, тұрғылықты халық содан зардап шегіп жатыр. Оның себебі, теңіз тартылып барады. Бұл жалпы аймақ халқына қауіпті болып отыр. Осыны шешу жолын қолға алмасаньздар болмайды. Тағы бір айтарым, жайылымға теңіз суын өңдеп пайдалануға болмай ма?» — деп көптің көңіліндегі сұрақтарды қойды.

Мәжіліс депутаты Д.Тұрғанов: Суды ысырапсыз пайдалану керек. ТШО-ға теңіз суын пайдалануды ұсындым. Теңіз 12 жылда 1 метрге төмендеген. Бүйте берсе, Арал тағдырын бастан кешуі мүмкін.

«Бес-он жылда су тартылып, кейін қайтадан қалпына келеді» дейді гидролог мамандар. Ылайым солай болсын деп тілейміз, — деп күрмеулі мәселенің шешім табуына күш салатындарын жеткізді.

Мәжіліс депутаттары Д.Тұрғанов пен Н.Ожаев «Nur Otan» партиясы Сайлауды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалуын қадағалауда Жанбай ауылына да барды.

Аудан мен ауыл тұрғындарымен кездесуде Мәжіліс депутаты Нұрлыбек Ожаев: «Ауылдық жердегі ахуал мен ауыл шаруашылығы саласында қордаланып қалған мәселелер аз емес. Сол түйткілдерді шешуге шамам келгенше үлес қоссам дегім. Біздің ең басты мұрамыз және үлкен мәселе — жер мәселесі. Осыған дейін Жер кодексі төңірегінде үлкен пікірталастар болды, біраз жұмыстар да атқарылды. Отандық жер пайдаланушылар үшін жерді жалға беру күшінде қалды да, жекеге беру туралы мораторий жарияланды, ал шетелдіктерге жекеменшікке және жалға беруге түбегейлі тыйым салынды. Сондай-ақ жерді қорғау бағытында отандық жер пайдаланушылардың өзіне мемлекеттік бақылауды күшейту шаралары қолға алынуы тиіс. Осы іс-шараларды бастағалы шаруагерлермен, фермерлермен, ауыл шаруашылығы басшыларымен кездесіп, саладағы мәселелерді талқыладық», — деді.

Халық қалаулыларымен кездесуге қатысқан тұрғындар өз ойын білдіріп, ауылдағы су тапшылығы, экологиялық ахуал, жастардың жұмыссыздығы, медициналық қызмет мәселесін қозғайды.

Халық қалаулылары мәселелердің уақытылы шешілетінін айтты.

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,
Атырау облысы

Кәсіби біліктілік қашанда жоғары бағаланады

Ақтөбе облысындағы ауылдық округтерді басқарып отырған нәзікжанды әкімдердің бірі — Гүлжан Досмағамбетова. Гүлжан Қос-Істек ауылдық округ әкімдігіне 8 жыл бұрын тағайындалды. Бүгінде ол туып-өскен өңірінің гүлденуіне, өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келеді.

Еңбек жолын мектептен бастаған кейіпкеріміз К.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтынан жоғары білім алған соң бірден туған жеріне оралды. Ауылдағы білім ошағына тарих және география пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 2002 жылы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі меңгерушісі, ал 2006 жылы мектептің директоры қызметіне дейін көтеріледі. 2009 жылдан бастап Қос-Істек ауылдық округі әкімінің міндетін атқарып, тәжірибе жинақтайды. Кейін аудандық білім бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалып, сол жерде 3 жыл жұмыс істейді. Осыдан кейін оған осы ауылдық округтің басқаруға ұсыныс түседі.

Гүлжан Батырғалиқызына «Әйел затының ауыл әкімі лауазымында болуы қиын емес пе?» деген сұрақ жиі қойылады екен.

— Онай жұмыс жоқ. Ол адамның қызметтік міндетіне қалай қарайтынына байланысты. Мысалы, облыс басшылығы бізге кезекті рет келгенде әкімі әйел ауылдарда темірдей тәртіп орнағанын атап өтті. Әрине, қиындықтар, әсіресе тәжірибе жетіспеген кезде болды. Маған алғашқы кезде «тәжірибесіз жас қыз» санайтын фермерлермен,



шаруалармен араласуға тура келді. Ал қазір кез келген фермерден кем емеспін. Мәселен, бидайды арпадан онай ажыратамын және бір қарағанның ақ құлынның жасын анықтай аламын, — дейді ол.

Қазір тәжірибесінің арқасында ол ауыл тұрғындарының мәселелерін қалай шешуге болатынын және қай бағытта әрекет ету қажет екенін жақсы біледі. Содан да шығар, кейінгі кезде Қос-Істек ауылы гүлденіп, көркейе түскен.

Ауылдық округтегі жалғыз ауыл — Қос-Істекте қазір 1 603 адам тұрады. Жана су құбыры мен газ жүргізілген, ауылдық клуб салынған. 2019 жылы мектеп, 2020 жылы «Балауса» балалар мекемесі күрделі жөндеуден өтті. Осы жылы АШЫҚ АҚИМДІК қосымшасы бар әкімшілік ғимарат пайдалануға берілген. Ауылдың төрт бірдей көшесін асфальттау аяқталып, үш көшеде жарықтандыру жүргізілді. Сондай-ақ балалар ойын алаңы қайта жаңартылды. Әкім ауылды гүлдендіруге халықты жұмылды-

рып, демеушілерді де тарта біледі. Мәселен, 2019 жылы тұрғындар мен демеушілердің күшімен ауылдың кіреберісіне ескерткіш, сондай-ақ жергілікті демеушілердің күшімен «Ана мен бала» аллеясы салынды, Жастар паркі ашылды. 2016 жылы ауылдың орталық саябағы ашылды.

Ауылда шағын және орта бизнес те жақсы дамыған. Қазір округ аумағында өсімдік және мал шаруашылығымен айналысатын 74 ЖК, 3 ЖШС, 34 қожалық бар. Өткен жылы «Менің отбасым» шағын наубайханасы, «Ал Ан» тігін шеберханасы ашылды. «Алтынбақ» шаруа қожалығы жидек дақылдарын (құлпынай, таңқурай) ексе, «Ардағым» шаруа қожалығы бекіре тұқымдас балық өсірумен айналысып жатыр.

Жергілікті тұрғындар да Гүлжан Батырғалиқызының еңбегін жоғары бағалап, әр ісіне сәттілік тілеп отырады. Бұл да болса ауыл әкіміне артылған халықтың зор сенімі деп білеміз.

Дайындаған Әбілмансүр ЖАСАН



Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА:
Қызылорда облысының әкімі:

Тәуелсіздік бәрінен қымбат

Азат 30 жыл ішінде ел еңсесі тіктеліп, даму қарқын алды. Мұндай даму, ең алдымен аймақтарда байқалады. Алаштың анасына баланған өңірде соңғы жылдары жеткен жетістік аз емес. «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы да өз дейгейінде атқарылып келеді. Қызылорданың бүгінгі мен ертеңі жайлы облыс Гүлшара Әбдіқалықовамен сұхбаттасқан едік.

— Гүлшара Наушақызы, кезінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деген еді. Сыр өңірі соңғы 30 жылда қандай маңызды жетістігімен көзге түсті?

— Сұрағыңызға рақмет! Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қызылорда облысы ғана емес, тәуелсіз Қазақстанымыз нығайып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлем картасында өз орнын нық бекітті. Шекарамыз шегенделіп, Сарыарқа төсінде жана елордамыз бой көтерді, рәміздеріміз бекітіліп, көк Туымыз көкте желбіреді. Республиканың барша өңірі өсіп-өркендеді. Соның ішінде экологиялық апат аймағына айналған Сыр өңіріндегі жасалып жатқан игі істерге, өзгерістерге Тұңғыш Президентіміздің осылай баға беруі қолдау ғана емес, әрі қарай алға жылжуға қайрау деп білемін.

Расында, осы 1991–2021 жылдар ішінде аймақ қандай жетістіктерге қол жеткізді, кейбірімен қысқаша таныстыра кетейін.

Білім беру саласында облыста 2015 жылдан бастап 3-тен 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі ұйымдарына қамту 100%-ды құрады. Тәуелсіздік алғаннан бері 414 жеке балабақша ашылды. Бюджет есебінен мектепке дейінгі 48 ұйым салынды.

Сонымен бірге 161 денсаулық сақтау нысаны, 164 мектеп пайдалануға берілді. Денешынықтыру және спортпен тұрақты айналысатындардың саны 1991 жылы 44 500 адамға жетті. Мәдениет саласында 31 типтік клуб, 6 мұражай, 1 кітапхана, мемлекеттік мұрағат ғимараты пайдалануға берілді. А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан Жастар театры құрылды, 38 тарихи және мәдени ескерткіш қайта жанартылды, 119 жана монументалды өнер ғимараты орнатылды. Өңірлік қасиетті нысан тізіміне 35 ескерткіш кірді.

2018 жылы ЮНЕСКО-да «Қорқыт ата мұрасы» ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енгізілді, бүкіл әлемге танылды.

Экономиканы индустрияландыру бағытында 2018 жылы облыстағы ең ірі жобалардың бірі — тампонажды цемент зауыты пайдалануға берілді. Іске қосылған сәттен бастап зауыт 750 мың тоннадан астам цементтің 6 түрін шығарып, оның 132 мың тоннасы Өзбекстанға экспортталды. Шетелдік компаниямен бірлесіп, шыны зауытының құрылысы жалғасуда, оның 2021 жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Шыны зауыты іске қосылғаннан кейін 27 млрд теңге көлемінде 8 ілеспе өндіріс құрылатын болады. Британдық компаниямен (Ferro-Alloy Resources Ltd) бірге Баласауыскандық ванадий кен орнында тәжірибелік-өндірістік әзірлеу аяқталды. 2020 жылы кәсіпорын 415 тоннадан астам анодий метаванадатын Ұлыбритания мен Ресейге экспорттады.

2021 жылы Арал қаласында кальцийленген сода өндіретін зауыт пен Шалқия кенорнында тату-кен байыту фабрикасының құрылысы басталып, онда 2 200 жұмыс орны құрылатын болады. Аймақта

Ұлыбритания, Франция және Болгария инвесторларының қатысуымен жанар-тылатын энергия көздері бойынша құны 47 млрд теңгені құрайтын 3 жоба іске асырылды.

— Әлемді өбігерге салып, адамзатқа тез тараған індет қатты күшейген сәтте Қызылорда облысы «қызыл аймаққа» алғашқылардың бірі болып кірді. Қиындықтан шығудан қалай жол таптыңыздар? Мамандар қазір үшінші толқын басталуы мүмкін деп болжам жасауда. Осыған байланысты аймақта қандай шаралар жүреді?

— Қызылорда облысы «жасыл аймақта», эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Өңірде 2020 жылдан бүгінге дейін індет жұқтырған 7 099 адам тіркелсе, оның 94 пайызы жазылды. Стационарларда 565 төсек-орын ұйымдастырылды. Індет күшейген жағдайда төсек-орынды 3 200-ге дейін арттыруға мүмкіндік бар. 518 орын орталықтандырылған оттегімен жабдықталған.



Бүгінде инфекциялық стационарда 213 наукас ем алуда, жүктемесі 37 пайыз, реанимациялық төсек-орындарының жүктемесі — 24 пайыз. Аймақта 6 оттегі шығару стансасы бар. Медициналық ұйымдар 686 — оттегі концентратор, 251 — ИВЛ, 8 — компьютерлік томограф, 66 рентген аппаратымен қамтылған.

Облыс бойынша 138 дәрігерлік мобильді топ үйден ем жасауда. 2 айға жетерлік дәрі-дәрмек қоры жасакталған. Дәрілік заттардың тұрақтандыру қорын қалыптастыру мақсатында жергілікті бюджеттен 488 млн теңге қаржы бөлінді. 10 ПТР аппараты іске қосылған. Тәулігіне 1 300-1 500 сынама алынууда. Қажетті жағдайда 3 500-ге дейін сынама алуға мүмкіндік бар.

КВИ-ге қарсы ерікті түрде вакцинациялау жұмыстары жалғасуда. Бүгін I компонент бойынша 148 мың адам егілді, ал II компонент келген 79 мың адамға салынды.

— Қазақстанның кез келген өңірі үшін толық шешілмеген мәселенің бірі — баспана. Осы мәселені Сыр өңірі қалай шешіп жатыр? Биыл қанша пәтер салынады?

— Соңғы жылдары Қызылорда облысында түрлі құрылыс нысандары көптеп салынууда. Пандемия індеті кезінде құрылыс жұмыстары тоқтаусыз жүргізілді. Өйткені алдымызда азаматтарымызды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету арқылы экономиканы өрістету міндеті тұрды.

2021 жылы облыс бойынша «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін барлығы 17,4 млрд теңге қаржы бөлінді. 2021 жылы 644,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарлануда. Биыл жалпы ауданы 2 158 пәтерді құрайтын 105 тұрғын үйдің құрылысын жүргізіп, жыл аяғына 1 608 пәтерді құрайтын 94 тұрғын үйді пайдалануға береміз деп отырмыз.

49 жалға берілетін тұрғын үйлерді салу да жоспарда бар. 2021 жылы олардың саны 695 пәтер болмақ. Оның ішінде 232 пәтер халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына, 463 пәтер аз қамтылған көпбалалы отбасыларына беріледі. Сонымен қатар аз қамтылған көпбалалы отбасылар үшін 342 жалға берілетін пәтер сатып алынады. Биыл тұрғын үй кезегінде тұрған аза-

мандарды кредиттік үймен қамтамасыз ету үшін 665 пәтерді құрайтын 38 тұрғын үй пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, жеке құрылыс салушылар есебінен 248 пәтерлі 7 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталды.

— Аграрлық өңір ретіндегі табыстың ба-сым бөлігі ауыл шаруашылығынан түсетінін білеміз. Қызылордада су тапшылығы жиі сезіледі. Сыр өңірінің бренді — ақ күріштің өсімі, экспорты қай деңгейде болмақ?

— Өңірдің ерекшелігіне байланысты суармалы егін шаруашылығы жақсы дамыған және біздің аграрлы өңір үшін суармалы су мәселесі қашан да өзекті. Биыл су пайдаланудың бекітілген лимитіне сәйкес, облыс бойынша 188,2 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру межеленген. Дегенмен соңғы жылдары Сырдарияның төменгі ағысында вегетациялық кезең күрделі су тапшылығы жағдайында өтуде. Осыған орай осы жылы облыста егілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын тұрақты суаруға 3 672,9 млн текше метрге белгіленіп отыр, бұл — аздау.

Су тапшылығы жағдайында біз негізгі дақыл күріш егістігінің көлемін белгілі бір деңгейге дейін тұрақтандырып, оның өнімділігін арттыруды және суды үнемдеуге мүмкіндік беретін басқа дақылдар

үлестерін бөлу мәселесі егін жинау науқаны аяқталған соң заңнамада белгіленген тәртіпте жалғасатын болады.

Өңіріміздегі жер үлесі даулары болған шаруашылықтардағы мәселелерді түбегейлі шешу үшін мемлекеттік органдардан бөлек, шаруашылық (серіктестіктер) пен орталық өкілетті органдар тарапынан бірнеше бағытта шаралар іске асырылуы керек, сол кезде мәселе түпкілікті шешіліп, үлес даулары азаяды.

Біріншіден, шаруашылықтар (серіктестіктер) құрылтай құжаттарын ретке келтіруі, үлесшілер бөлініп шыққаны келген жағдайда жалпы жиналысты өткізуге кедергі келтірмеуі, жалпы шаруашылық қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуі, жер даулары, үлестер бөлінісінің алдын алу үшін халықпен тұрақты жұмыс істеуі керек.

Екіншіден, үлесшілер мәселесінің алдын алу үшін заң шығару деңгейінде жұмыс жүргізіліп, үлесшілердің бөлініп шығуын реттейтін нормаларға өзгеріс енгізіліп қажет.

— «Сыр елі — жыр елі» атанған өнердің ордасында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қандай ауқымды іс-шара өтуде?

— Егемен елдің жетістіктерін насихаттайтын 12 тақырыптық бағыт бойынша

ниязулының 150 жылдығына арналған «Жырлансын Тәуелсіздік жырлары!» атты республикалық жыршы-жыраулар байқауы өткізіледі деп жоспарлап отырмыз. Сонымен бірге даңқты қолбасшы Жалаңтөс баһадүрдің 445 жылдығына орай ескерткішін Қазалы ауданының орталығы Әйтеке би кентінде орнату жұмысы жүргізілуде.

2022 жылы Қазақстанның және КСРО халық әртісі, Халық Қаһарманы Роза Бағланованың 100 жасқа толуына орай Президент Қ.Тоқаев өңірі есімін мәңгі есте қалдыру үшін іс-шара қабылдауды тапсырды. Осыған орай Қызылорда қаласында Роза Бағланованың ескерткішін орнату жұмыстары басталды. Мұнан өзге, келер жылы «Ақмандайлым» республикалық әншілер конкурсын өткізу ойымызда бар. Сондай-ақ атақты күрішші, «дала академигі» Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығын атап өтеміз.

Ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеуге және ел тарихын зерттеуге ерекше назар аударылуда. Осы жылдың мамыр айында ең ежелгі өркениет орталықтары болған қалалар — сактардың астанасы Бәбіш мола, оғыздардың бас қаласы Жанкент, қыпшақтар мен Қазақ хандығының астанасы — Сығанақ қалаларының орнында археологиялық зерттеу жалғасты.

— Сіз тәуелсіз Қазақстанның тарихында Мемлекеттік хатшы, облыс әкімі болған тұңғыш әйелсіз. Ер-азаматтармен нық тірестіріп, үлкен жауапкершілікті алып жүру нәзік жанды тұлғаға ауырлық тудырмай ма?

— Өзіңіз айтқандай, тәуелсіз Қазақстанда бірқатар жоғары лауазымда болған шынымен тұңғыш әйел екенмін. Бұл жауапкершілігімізді арттырмаса, кеміте түспейді. Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының «Адамға ең қымбат нәрсе — жұрт қамы, жұрт ісі» деген сөзі бар.

Мемлекет басшысы тарапынан ұсыныс түскенде қобалжығаным рас. Оның үстіне тігізген пандемия тұсында облыс басшылығына келу де оңайға соқпады. Дегенмен мұндай қиын кезеңде әйел адамға ел басқару қиын ба, қиын емес пе, ойлануға, еш босануға болмайды. Қолдан келген бар мүмкіндікті қолданып, жұмысты бастап кеттік. Үкімет тарапынан қабылданған дағдарысқа қарсы жедел шараларды өңірімізде барынша жүзеге асырдық. Мәселелерді барынша шешуге тырысам. Құдайға шүкір, қазір жұмыс қарқынды жүріп жатыр.

Ұлыбританияның премьер-министрі Маргарет Тэтчер: «Үйді басқаруда пайда болатын мәселелерді түсінетін кез келген әйел елді басқаруда пайда болатын мәселелерді түсіне алады» деген екен.

Қазір тарихи сахнада ғылым, білім, техника, ақпарат, сауаттылық заманы. Ерлердің ісі болып есептелетін салада әйелдердің саны артып келе жатқанын кім де болса мойындайды. Әйел өкілігі де жүргізе алады, ұшақты да басқарады. Саясат пен басқару саласында әйелдердің өз орнын табуына мүмкіншілігі жеткілікті, өйткені саясатта қара күш емес, біліктілік пен қабілеттілік қажет.

Қазақ әйелдері әрқашан тәуелсіздігімен, еркіндігімен ерекшеленген, кей жағдайда маңызды шешім шығаруға да тікелей қатысып отырған. Ұлан-ғайыр даламыздың тарихында өмірдің барлық салаларында өздерін жүрек жұтқан ожет көшбасшы, сарабал ақылымен ел билеген көрнекті қайраткер ретінде таныта білген әйелдер аз емес.

Тарих бізге Тұмар ханымды сыйға тартты, ол күйеуінің өлімінен кейін бөлшектенген скиф-массагеттік тайпаларды бір ту астына біріктіріп, халқын парсы патшасы Кирдің басқыншылығынан құтқарды.

Орта ғасырдың соңындағы көрнекті әйелдердің бірі Бопай ханым Әбілхайыр ханның сүйікті әйелі ғана емес, ханның өзіне ақыл мен күш-жігері сыйма-сай болған. Сонымен қатар хан мұрагерлерінің анасы болды. Бопай ханым көп жағдайда қазақ мемлекетінің сыртқы саяси әрекеттерін айқындап отырды. Бұл бір ғана мысал.

Қазіргі заманда қолындағы бостандығы мен еріктілігіне, еліміздің саяси өміріне қатысты белсенділігіне қарамастан, қазақ әйелінің ерекшелігі — өз нәзіктігін сақтай отырып, ежелгі дәстүрлермен ішкі байланысын үзбей, өзін отбасы тірлігінің шугағы мен жанды тіні ретінде сезінуі.

Сондықтан жұмысым мен отбасымды үйлестіре білуімнің сыры — осында. Биыл еліміз үшін ерекше жыл! Талай ғасыр ата-баба арманы болғаны Тәуелсіздігімізге 30 жыл! Біздің басты ұранымыз — тәуелсіздік бәрінен қымбат деген сөз! Мерейтой аясында өткен жолымызды сараптап, барлық ісімізді кешенді жалғастырудамыз.

Елбасының бастамасымен, ел Президентінің басқарушылығымен бірлігі бекем халық ретінде еңбек етіп, тәуелсіз елімізді өркендетуге бәріміз бірге үлес қоссақ, біз алмайтын қамал жоқ дегім келеді.

Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры берік, Туы биік болсын!

— Өңірімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлихан ИСМАН

Сапархан Омаров неден сүрінді?

(Басы 1-бетте)

Еркеғали БЕЙСЕН

Мысалы, қазір Маңғыстау және Қызылорда облыстарындағы әлі де «қуан дала, құмды шағыл, құла тұз» болып тұрған аймақтардың жағдайы қиын. Бір ғана Маңғыстаудың өзінде жаппай қырылған малдың саны 3 мыңға жетіп отыр. Ал 1 тонна шөптің орташа бағасы 23-42 мың теңге аралығында. «Нақты іс-әрекет пен кері байланыс жоқ. Сондықтан фермерлер көмек сұрап, тікелей маған өтініш айтып жатыр. Әрине, қуаншылық – табиғи жағдай. Мұны жақсы түсінемін. Дегенмен бұл – мәселенің бір жағы ғана. Ең бастысы, осындай күрделі кезеңде тиісті министрлік шұғыл және батыл шешімдер қабылдауы қажет еді», – деді Президент.

Бағамдап көрсек, ауыл шаруашылығы саласы Сапархан Омаровқа тансық та емес. Ол 1996-2007 жылдар аралығында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ-ында түрлі қызметтер атқарған. Сондай-ақ 2014-2016 жылдары Ауыл шаруашылығы вице-министрі болды. 2016-2019 жылдар аралығында да Мәжілісте Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы лауазымын иеленген. Осылайша, сатылап келіп, 2019 жылы Президент Жарлығымен Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындалды. Бірақ өзі «бес саусағындай білетін» сол агросекторға қатысты сенім үдесінен шыға алмағаны ыңғайсыз-ақ. Шын мәнінде, Қазақстанның дамыған 30 елдің қатарына енуге ұмтылуы, ДСҰ-ға енуі, ЕАЭО-ға мүше болуы отандық ауыл шаруашылығы саласы үшін үлкен сын. Өйткені біз үшін ауыл шаруашылығы дегеніміз – ел экономикасының негізгі салаларының бірі және қоғамның экономикалық, қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын маңызды фактор.

ІНДЕТ ПЕН АПАТ САЛДАРЫ АУЫР БОЛДЫ

Жалпы, Сапархан Омаровтың Ауыл шаруашылығы министрі ретінде аталған екі жылда ауыз толтырып айтар ерекшелігі болмады емес, болды. Оның бәрине халыққа есеп беру кездесуінде де, БАҚ-қа берген сұхбаттары арқылы да көз жеткізіп отырдық. Әсіресе, сөздерінен астық саласына көбірек мән беретіні ангарылып тұрды. Мысалы, министрлік лауазымы коронавирус пандемиясы мен әлемде енгізілген шектеу шараларына сәйкес келгендіктен, ол қиындықтың Қазақстан астығының экспортына онша әсер етпегенін айтқанын алсақ та



жеткілікті. Айтуынша, маркетингтік жыл қорытындысы бойынша (2019 жылғы шілде – 2020 жылғы маусым) Қазақстан астық эквивалентінде шамамен 8 миллион тонна астық пен үн экспорттаған. Алайда біздің қолымызда басқа да дерек бар. Біріншіден, биылғы мамырда өткен Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров еліміздің 2021 жылғы қантар-сәуірдегі әлеуметтік-экономикалық өсу қорытындысын баяндады. Сонда ол «44,8 миллиард теңгеге өсімдік шаруашылығы өнімдері өндіріліп, ауыл шаруашылығы дақылдарын жабық топырақта өсіру есебінен нақты көлем индексі 100 пайыз болғанын» жеткізген еді. Одан кейін көп ұзамай әлгі «жабық топырақта өсірілген» сөздің бағасы 800, картопкі 400 теңге көлемінен аспаса, төмендемей қойды. Осындайда әйгілі ойшыл Марк Твеннің «Өмірде өтіріктің үш түрі бар: жой өтірік, көзінді бақырайтып қойып айтылатын бетсіздердің өтірігі және статистика» деген тәмсілі еріксіз ете түседі. Екіншіден, 2021 жыл Қазақстан малшылары үшін апатты жыл болды. Қуаншылық қысқан Маңғыстау және Қызылорда облыстарынан кейін Жамбыл және Алматы облыстарының фермерлері де дабыл қағастады. «Қазақстанда 1975 жылғы жағдай қайталанып жатыр» десеі сарапшылар. Алайда Алматы, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Ақтау, Атырау, Орал облыстарында болған ол оқиға ел тарихындағы ең үлкен қуаншылық еді. Қазір соны сол кездегі Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхамед

Қонаевтың қалай жеңгені туралы видео тарап жатыр. Сонда ер облыста оперативті штаб құрылып, әр ауылдық жерде жауапты адамдарды анықтап, не істеуге, қандай шаралар қолдануға болады, жемінін қай түрі керек екені белгіленген. «Көп түкірсе – көл» дегендей, ел-жұрт бір кісідей жұмыла кетіп, 11 миллион тонна жемшөп, 9 миллион тонна сүрлем, 3 миллион тоннаға жуық сабан дайындаған. Жерасты суларын іздеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп, зардап шеккен жерлерге 700-ге жуық жана су ұңғымасы нәр бере бастаған. Демек, қазір де ер облыста сондай оперативті штаб құру әдісі өзекті болар еді. Үшіншіден, Түркістан облысының Жетісай ауданында 78 мың гектар алқаптың 1180 гектарына егілген 20 мың тонна қырыққабат экспортқа шығарылмай, өз ішімізде игеруісі қалды. Кейін амалсыз оның 250 тоннасы еліміздегі барлық балалар үйлеріне және тұрмысы төмен отбасыларға тегін таратылды. Сонымен қатар 300 тоннасы Алматы қаласындағы базарларға жөнелтілді. Одан бөлек, «тері мен жүнді өңдеп, жеңіл өнеркәсіпті дамытамыз» деген желеумен экспортқа тірі малды сатуға тыйым салынды. Бір жағынан ол көбіне Өзбекстанға, содан кейін басқа да алыс-жақын елдерге тірідей кетіп, саны әлдеқайда азайып қалған төрт түліктің басын көбейту үшін дұрыс шешім болды. Екінші жағынан 2011-2016 жылдары Ауыл шаруашылығы министрілігін басқарған, қазір Қазақстан ет одағының басқарма төрағасы Асылжан Мамытбеков министрліктің тірі мал экспортына тыйым салу туралы бастамасын

сынға алды. «Ел неге малын тірідей сатып жатыр? Ол біздің ет комбинаттары шетелдік ет өңдеу кәсіпорындарымен бәсекелесе алмай жатыр деген сөз. Өйткені ауыл шаруашылығы деп былшығын шығардық. Тері құнсызданып шыға келді. Бұрын бір мал сойса, иесі терісін сатып қана 10 мың теңге табатын. Қазір теріні ешкім алмайды. Қоқыс қылып, босқа тастап жатыр. Тіпті, оның көзін жою үшін шығындалатын болды. Тері өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз етеміз деген талпыныс бекер болды. Малдың ішкі өнімдерінің бәрін солай босқа тастап отырмыз. Өйткені оны ешкім өңдеп жатқан жоқ. Ал шетелдіктер барлығын кәдеге жаратпандықтан, тірі малға біздегіден жоғары баға ұсынады», – дейді ол. Төртіншіден, індет өршіп кетті. Мысалы, 2019 жылдың 5 айында 32 мың, ал 2020 жылдың сәйкес кезеңінде 28 мың ірі қара бруцеллез болса, былтырғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сол аруумен 51 қолысыз пункт тіркелген. Мемлекеттік мал дәрігерлік саласы оған қарсы егетін дәрі-дәрмектің сапасыз екенін де жасмырайды. Яғни, мал індетінің алдын алуға қарсы мемлекет тарапынан тиімді жұмыс жүргізілмеген. Ал індеттің кен етек жаюы салдарынан елдегі ірі қара саны да азая түскен. Сондай-ақ Ақмола облысының Аршалы ауданында аса қауіпті әрі өте жұқпалы сибір жарасы анықталды. Ең сорақысы, ауылдың 4 тұрғыны ветеринарлық тексерістен өтпеген малдың етін жеп, ауруханаға жатқызылды. Содан кейін Қазақстан бойынша сибір жарасының 2 598 ошағы тіркелді. Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында Ресей арқылы келген H5N8 құс тұмауының өршуі де қоса тіркеліп жатты. Ауру ошақтарын оқшаулау және жою барысында 1,9 миллион құс жойылса, оның 97 пайызы 4 құс фабрикасына тиесілі. Бесіншіден, дала өрті де ереуіс үлеп кетті. Әсіресе, биылғы тілсіз қарудың кесірінен қаншама аймақ жайылымдық, шабындық жерлерінен, тіпті малдарынан айырылып, ол жағдай ет пен жемшөп бағасының қазіргіден бетер шарықтап кетуіне сеп болғалы тұр. Бұл тақырыпқа келесі нөмірде толығырақ тоқталамыз...

ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖИІ ЖОЛ БЕРІЛГЕН

Сапархан Омаров Мәжіліс депутаты болып тұрған 2017 жылы Қазақстанда мамандандырылған аграрлық банк құруды ұсынып, агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту бойынша сауатты саясат қажет екенін айтқан болатын. Сондай-ақ аграрлық сала мамандарымен жиі кездесулер өткізіп, озық

тәжірибені қолдану шеңберінде көптеген жұмыс жүргізді. Бірақ соның бәрін министр кезінде жүзеге асыруға не кедергі болғаны түсініксіз. Мысалы, ол биыл ауыл шаруашылығы мемлекеттік қолдау көлемі 366 миллиард теңгеге жетті деп еді, ал Үкімет сағатында сенатор Нұрлан Әбдіров сол қолдаулардың нәтижесіз болғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасында белгіленген индикаторларға қол жеткізу көрсеткіштері төмен. Жалпы, елімізде өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдері ішкі нарықты тек 60 пайызға қамтамасыз ете алады екен. Қалған сұраныс импорт есебінен жабылады. Негізінен бізге ірімшік, сүзбе, сары май, ет және қант әлі сырттан тасымалданып жатыр.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы бойынша қозғалған қылмыстық істердің 54 пайызы субсидияларды заңсыз бөлумен байланысты. Соңғы 5 жылда уақытылы берілмейтін субсидия ережесі 47 рет өзгерген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Марат Ахметжановтың айтуынша, сол аралықта шаруаларға 1 триллион теңгеден астам жеңілдігінен несиесі берілсе, оның жартысынан көбі заңсыз жолмен рәсімделген. Ал сол 5 жылдың соңғы 2 жылында да Сапархан Омаровтың министр болғанын ескерген жөн.

МАМАН ПІКІРІ

Төлеутай РАХЫМБЕКОВ,

экономика ғылымдарының докторы:

Ауыл шаруашылығындағы қазіргі жағдай ешкімге оңай соғып жатқан жоқ. Азық-түліктің, бірінші кезекте жеміс-көкөніс бағасының өсуі, жемшөп жетіспеушілігінен малдың қырылуы Ауыл шаруашылығы министрілігі жұмысындағы сәтсіздіктермен түсіндіріледі. Бірақ бұл мәселелердің Сапархан Омаров министр болғанда ғана басталмағанын ескеру керек. Бұл ретте 2013-2016, содан кейін 2018-2019 жылдары Қазақстанды ғана емес, көрші елдерді де сиыр етімен қарық қылмақ болған сәтсіз жобаның бастамашыларын еске алған жөн болар. Олар мамандардың ескертуіне қарамастан, АҚШ-тан Қазақстанға 1 миллион бас ірі қараны импорттамастан бұрын, оларға арналған жемшөп базасын құру, саланы жоғары немесе орта арнаулы білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету, елде жетіспейтін малшылар, мал жемдеушілер, механизаторлар мәселесін шешу дегендей алғышарттармен байыпты жұмыс істеу керек болатын. Егер жемшөп дақылдарын реттеуді 2013-2014 жылдары бастаса, онда қазіргі жаппай мал өлімі болмас еді. Сондықтан бұл тұрғыда Сапархан Омаров кінәлі емес. Негізгі кінәлілерді ауыл шаруашылығы саласына ерте келгендердің арасынан іздеу керек.

Жұрт Алакөлге ағылды, карантин қайда қалды?



Карантин талаптары әлі де күшінде. «Қызыл аймаққа» өтіп жатқан өңірлер өте көп. Соған қарамастан шілденің шіліңгір ыстығында демалысты сәтті өткізуді ойлап, Алакөлге, Балқашқа ағылған жұртшылықтың қарасы көп. Жаздың жайдары мезгілін тиімді пайдаланған дұрыс, алайда демалушылар карантин талаптарын сақтап жатыр ма? Жалпы, демалыс орындағы төртпін қандай? Бізді алаңдатқан мәселе – осы.

Естеріңізде болса, өткен жылы карантин талаптары сақталмағандықтан Шығыс Қазақстан облысында 23 шілдене бастап Алакөл көлінің демалыс орындарында демалушыларды қабылдау тоқтатылады деген ақпарат тараған еді. Алайда бұл қаулыға кәсіпкерлер қарсылық білдірген. Өйткені демалыс орындары тоқтап қалса, кәсіпкерлердің де жұмысы жүрмей қалады. Бұл шағын кәсіпкерлікке тәуелді болып отырған пікірлерді алға тартқан. Олар «суға шомылу маусымы аяқталғанына, 30 тамызға дейін тиіспендер, жұмысымызға келергі келтірмейміз» деген талап қойған. Осыдан кейін наразы болған жұртты тоқтату үшін аудандық бас санитардың қаулысының күшін облыстық бас санитар жоғай еді. Кәсіпкерлердің де наразылығы орынды. Бұл жағдайда демалушылар карантин талабын сақтай ала ма? Сол мәселе алдыңғы қатарға шыққан еді. Биыл да суға шомылу маусымы басталып кетті. Былтырғыдай төртпін қатал болмағанымен, індет тоқтаған жоқ. Елге «дельта штаммы» жеткені туралы мәліметтер бар. Бұл індеттің таралуы тіптен жылдам. Осы орайда, демалыс орнына келген туристерге қойылатын талап қандай?

Алакөлде демалып жатқан Олжас есімді кейіпкерім «ешқандай талап болмағанымен, ПТР, вакцина туралы әңгіме жоқтың қасы» екенін айтады. «Елдің бәрі демалып

жатыр. Тіпті, демалушылардың қарасы көп. Жұртшылық емін-еркін жүр», – дейді. Дарын есімді тағы бір турист: «Әзірге бәрі тыныш секілді. ПТР тапсырындар деген талап болған жоқ. Жұртшылық «коронаның» барынан бейхабар секілді. Барлығы да Ashyq-пен «ашық-шашық» жүр», – дейді. Бұл – Шығыс Қазақстан облысындағы жағдай. Ал Алматы облысындағы Алакөл жағажайларында да талап қатал емес сияқты. Сонда демалып келген әріптесіміз Ashyq-пен емін-еркін демалып келгенін айтады. Әзірге Алакөл демалыс аймақтарында «жабылу» туралы әңгіме жоқ. «Туристтік рекреациялық аудандарда, оның ішінде Алакөлде жағажайлар қабылдамайды» деген пікірді алға тарттады.

Алматы облысы Алакөл ауданы баспасөз хатшысының пікірінше, өткен жылы 15 туристік нысан қолданысқа беріліп, құны 2 млрд 646 млн теңге болған. «Әлемдік індеттің салдарынан елде төтенше жағдайдың болуы, өңірде карантин режимінің орнауы біраз жоспарға кедергі келтіргені белгілі. Бірақ бұл жағдай Алакөлге келетіндердің санын азайта қоймасы анық. Өйткені Алакөлдің туристік әлеуетін көтеру үшін мемлекет тарапынан, облыстық әкімдік тарапынан көп қолдау көрсетілуде», – дейді әкімдік өкілі.

Жалпы, Ақши туристік аймағында 264 демалыс аймағы бар. Былтыр көл жағалауына 798 462 адам келген. Оларға 4 млрд 790 млн теңгенің қызметі көрсетілген. «Ал биыл Алакөл көліне жазғы шомылу маусымында 878 325 демалушыға, 5 млрд 269 млн теңгенің қызметі көрсетіледі деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ 2020 жылы көл жағалауы тазалығын қамтамасыз ету үшін Ақши ауылында ШЖҚ «Алакөл Тазалық» МКК бөлімшесі құрылып, 7 дана техника мен 145 дана қоқыс жинайтын контейнер сатып алынған. Бұдан бөлек, 2019 жылы көл

жағалауын дамыту бойынша Ақши ауылы Алакөл көлінің сол жақ жағалауында 4 гектар жерге демалыс саябағының құрылысы басталған болатын. Ал он жақ жағалауында 2,7 га жерде алғашқы құрылысы аяқталды. Көл жағалауында 10 жерге қоғамдық дәрехана мен коқыс алаңдарын дайындап орнату жұмыстары жүзеге асырылды. Сондай-ақ Ақши ауылында облыстық бюджет қаражатынан 168,747 мың теңгеге дәрігерлік амбулатория салынды. Дәрігерлік амбулаторияда 17 кабинет, күнделікті 25 адамды қабылдай алады. Бұған қоса, 2017 жылдан бастап Ақши ауылында уақалдық полиция пункті жұмыс істейді. Полиция пункті 2 жұмыс бөлмесінен және тұрғын үйге арналған 4 бөлмеден тұрады. Жалпы ауданы – 91,3 шаршы метр. Сонымен қатар Ақши ауылында демалушылардың шомылу қауіпсіздігін қадағалау мақсатында Алматы облысы ТЖД өңірлік құтқару қызметінің жасағы құрылған. Онда 13 адам жұмыс істейді» деп отыр.

Туризм саласын жетілдіру бағытындағы өзекті мәселелердің бірі – сапалы жолдың болуы. «Осы бағытта турист қауымының көлікпен немесе автобусымен қозғалып, транспорттармен келетінін ескеріп, Талдықорған – Өскемен бағыты бойынша ұзындығы 763 шақырым және Үшарал – Достық жобасы бойынша 184 шақырым жолда жөндеу жұмыстары жүргізіліп, аяқталуға шақ қалды» дейді.

Жалпы, демалушыларға ашық алаңда маскасыз жүруге мүмкіндік беріл. Олардан тест тапсыру да талап етілмейді. Кей қонақ үйлерге тапсырыс берер алдында вакцина төлқұжатын көрсетеді. «Кейбір демалыс орындары вакцинаны сұрамауы да мүмкін. Тек Ashyq бағдарламасы арқылы ғана кіре алады», – дейді.

Кейде бізге «кафелерге барсақ вирус жұқпайды, ал көлге барсақ жұға ма?» деген сұрақ қойылады. Осы сұраққа бір жауап: алдын ала билет алып, демалыс орнына брон жасап қойған азаматтан бірінші қонақ үй басшысы талап етуі керек дүние – вакцина алғаны жөніндегі растау қағазын жіберу», – дейді әкімдік өкілі.

Біздің де қауіп – індеттің таралмауы. Демалған жақсы, ал індет жұқтырып алса қайтеді? Сол үшін демалыс орындары карантин талаптарын қатаң сақтағаны жөн. Әйтпесе, індетті ауыздықтай алмай қаламыз.

Айым БЕКТҰР

Вакцина куәлігін саудаға салғандар

Коронавирусқа қарсы екпелер әзірленгені бері ел ішінде вакцинаға қатысты жалған ақпараттар мен түрлі қауесеттер таралғанын білеміз. Соның өсері ме, вакцинаға күмәнмен қарайтындардың қарасы көбейді. «Адамнан айла артылмас» демекші, осы күні екі алғысы келмегендер вакцина паспортын сатып алуға асық. Ал оны саудалайтындық әлі де кедергі аз секілді. Себебі ғаламторды шарлап, біраз көз жүгіртсеңіз, мұндай ұсыныстарды жиі кездестіресіз. Заңсыз өрекеттің жайлағанына қарап, «ақ халатты абзал жандарымыз деп құрметтейтін азаматтардың ақша үшін арын сатқаны ма?» деген ой келеді.

Мадияр ТӨЛЕУ

ДЕЛДАЛДАР ҮЗДІКСІЗ ТАБЫЛЫП ЖАТЫР

Негізі, вакцина куәлігін сату жайлы деректер сәуір айында шыға бастады. Алғашқыда көбі сенбегендей сынап танытқанымен, кейін көп ұзамай Денсаулық сақтау министрлігі тексерістер басталғанын хабарлаған болатын. Бұл тақырыпқа келгенде алматылықтардың белсенділігін байқадық. Екпеге қатысты заңсыздық ошағы осы қала болып отыр. Сәуірде Алматы әкімдігі екі паспортын 15 мың теңгеден сатып жатқан делдалдарды анықтау ісі басталғанын мәлім етті. Одан соң мамырдың басында Алматыдағы екі үлкен емхананың қызметкерлері заңсыз куәлік жасап, оны 5-15 мың теңгеге сатқаны әшкерен болған. Ізін ала кәсіпкерлер жұмыстан өз еркімен шығып кеткен екен. Бірақ қылмыстық істен сытылып кете алмады. Осы жайттарға қарамастан көлеңкелі нарықтың дәурені тоқтаған жоқ. Демек, вакцина паспортына деген сұраныстың көп болғаны анық. Алматыдан Қарағанды мен Шымкент қалалары да қалысқан жоқ. Мұнда да бірнеше қылмыс ашылды. Мамырдың аяғында елімізде мың жарым теңгеден сатылып жатқан паспорттарда басқа емес, жауапты министрлікке қарасты санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің өзі басылған екен. Ведомствоның өзі мұндай қадамға бармайтыны анық. Дегенмен бұл заңсыздыққа барғандардың ішінде аталған мекеменің қызметкерлері болуы мүмкін деген ой қалдырған еді. Енді жуырда ғана Алматыдағы «Достар Мед» және «Сұңқар» клиникаларының дәрігерлері жалған вакцина паспортын жасағаны үшін ұсталды. Оған қоса №4 поли-клиникада медицина қызмет-

керлері онсыз да саны шектеулі екпелерді жойып жібергені анықталды. Ақмола облысында да дәрігерлер әшкерен болып жатыр. Олардың бәрі Қылмыстық кодекстің 385-бабы бойынша 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТӨНГЕН ҚАУІП

Осылайша, көп адамның екпеге деген сенімінің төмендеуі елдегі денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жұмысқа нұқсан келтіріп отыр. Бір өкініштісі, заңсыз паспортты сатып алғысы келетін айналымда да жетерлік. Ал бұл халық денсаулығына үлкен қауіп екенін ескермесе болмайды. Қазақстан Үкіметі халыққа қызмет көрсету салаларында жұмыс істейтін азаматтар үшін (мемлекеттік мекемелерден және дүкендерден бастап, демалыс орындарына дейін) жұмыс орнына кірмес бұрын екпе алғаны туралы куәліктерін көрсетуді талап ететін жана ережелер енгізілген болатын. Осы ережеге бағынғысы келмеген адамдардың түгелі дерлік заңсыз куәлікке ұмтылып жүргенін аңғардық. Сөзіміз жалған болмасын, мәселен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жалған паспортқа қатысты 35 қылмыстық істі тіркеп үлгерген. Сауд Арабиясы Корольдігіне барғысы келген 30 шақты отандасмыз жалған куәлік жасатқан. Айтпақшы, бұдан былай жалған паспортты сатып алуға талпынған азаматтар да 40 тәулікке дейін бас бостандығынан айырылатын болды. Ал оны дайындағандар 4 жылға дейін сотталады. Бірақ бұл әрекет қылмыстан бұрын халық денсаулығына ашықтан-ашық залал тигізу екенін ұқсак керек.

«20 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ ӘЗІРЛЕП БЕРЕМІН»

Біздің ұққанымыз бойынша, вакцина куәлігін сатудың негізгі

екі жолы бар. Біріншісі, дәрігерлермен ақшасына келісіп, егу бөлмесінде құтыны төктіру арқылы вакцина алғандардың санатына қосыла салу. Екіншісі, заңсыз паспортты онлайн әзірлету. Сіз вакцина куәлігін сатқан адамды көрмейсіз. Бәрі қашықтан істеледі. Біздің шамаалауымызша, бұлар егу бөлмесіне кірместен бұрын құжатыңызды базаға тіркеушілер. Себебі Egov.kz базасына кіру қызыреті осыларға берілген. Біз осы айтылған жолдардың екіншісіне әдейі жүгініп көрген едік. Telegram әлеуметтік желісі қашанда жасырын сатқанын ошағы екенін білеміз. Сондықтан желіге кіріп, іздеу бөліміне «паспорт вакцинация» деп жазғанымызда, бір емес, бірнеше парақшаның шыққанын байқадық. Солардың ішінен қазақстандықтарға арналған вакцина куәлігін сататын бір парақша еніп, danilibiz деп аталатын өкімшісімен байланысқан болатынбыз. Өзімізге вакцина паспорты қажет екенін айтып, бағасын сұрадық. Сонда сұрағымызға «паспорттың бағасы 20 мың теңге тұрады. Тек жеке төлқұжатыңыздың суреті мен тұрғылықты мекен-жайыңызды жолданың. Бір күннен кейін Egov.kz-ке екпенің бірінші компонентін алғаныңыз жайлы дерек шығады. Ал 21 күннен кейін вакцинацияның екінші компонентін алып, толық вакциналанғаныңыз жайлы ақпарат енгізіледі» деген жауап алдық. Яғни, құзырлы органдар тексерісті күшейткенімен, куәлікке оңай қол жеткізудің жолдары әлі де көп.

Үнді штаммы таралғалы бері елдегі эпидемиологиялық өлден ушыққанын көріп отырмыз. Бір күнде вирус жұқтырғандар 3,5 мыңға жетіп, рекордты көрсеткіш тіркеліп жатыр. Бірақ осыған қарамастан жалған куәлікке сұраныстың төмендеуі көп адамның індет кәтерін әлі де болса жете түсінбегенін аңғартқандай. Айтпақшы, көрші Ресейде де індеттен зардап шеккендер саны тым артты. Бір қызығы, осы елде де жалған вакцина паспортын жасауы ісі жайлап кеткен. Демек, бұл куәліктің ақыры қылмысқа ғана емес, түгел елдің өміріне қасақана зиян келтіреді деп қорытындылай беруге болады.

Жалақымен қоса баға да өсе ме?

Бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы өседі деген күннен-ақ жұрттың жүрегі ауырады. Өйткені жыл сайын өсетін жалақының соңынан қос бүйірді қысатын қымбатшылық та кешіктірмей жетеді. Айталық, соңғы бес жылда су мен жарық, жанар-жағармай, азық-түлік бағасы елдегі жалақы мен жәрдемақымен қатар шарықтаған.

Жадыра МҮСІЛІМ


Төрт жыл бұрын елдегі орташа айлық жалақы 149 669 теңгені құраса, 2018 жылы 164 552 теңгеге өскен. Ал 2019 жылы орташа табыс көзі 191 мың, былтыр 233 136 теңгеге жетіпті. Дегенмен биылғы жылдың бірінші тоқсанында бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 230,8 мың теңгені құрады. Айтпа кетейік, елдегі ең төменгі жалақы мөлшері биыл 43 мың теңгеге жетпейді. Жұмыс берушілер сайтта ұсынатын Қазақстандағы орташа жалақы әлі 179 мың теңге тен.

Айлықтарына бола мемлекеттік қызметкерлерге аландауға негіз жоқ. Себебі биыл шілдеден бастап мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізілді. Ол бойынша лауазымның деңгейі емес, оның маңызы ескерілетін болады. Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің жалақысы 30%-дан 150%-ға дейін көтеріледі. Жалақы төлеуге арналған жаңа жүйе орталық пен өңірлер арасындағы еңбекақы сәйкессіздігін жоюға бағытталған. Қолданыстағы тор негізінде лауазымды қызметкерлердің айлығын көтеруге, төменгі буында жұмыс істейтіндер ең аз жалақы алып келсе, ендігі жерде еңбекақыны өсіру қызметкердің лауазымына емес, атқаратын жұмысының ауырлығына қарап бағаланады.

ЖАЛАҚЫ 25 ПАЙЫЗҒА АРТАДЫ

Күні кеше Үкіметтің кеңейтілген отырысында Премьер-Министр Аскар Мамин мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы тағы 25 пайызға артатынын айтты. «Биыл бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын арттыру жалғасады. Бұл бойынша 600 мың педагог үшін еңбекақы 25 пайызға, 247 мың медицина қызметкеріне біліктілік деңгейіне байланысты 20-дан 30 пайызға дейін арттыру қамтамасыз етіліп жатыр. Әлеуметтік қызметкерлердің лауазымдық жалақысы 50 пайызға ұлғайды», — деді Үкімет басшысы. Оның айтуынша, бүгінге дейін педагогтардың орташа айлық жалақысы — 234, дәрігерлердің жалақысы — 320, әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы — 180, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы 267 мың теңгеге дейін артыпты.

2020-2021 ЖЖ. АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ӨСУ КӨРСЕТКІШІ



Әрине, елдегі күнкөріс деңгейі артып, халықтың еңбекақысы өскені құптарлық іс. Алайда халықтың барлығы еңбекақысы жыл санап өсетін мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкері емес. Осы орайда жалақы бағасына сай аспандап кететін жолақысы мен бензин бағасы, коммуналдық төлем мен азық-түліктің қымбаттауы кәсіпкерлікпен айналысатындарға, қала берді жекеменшік ұйымдарда жұмыс істейтіндерге жығылған үстіне жұдырық болуы мүмкін. Соңғы жылдары қымбатшылықтан көз ашпаған халықтың еңбекақысы өсетінін естісе, елдеңде тұруының себебі осыдан болса керек. Себебі экономистердің өзі соңғы уақытта Қазақстандағы азық-түлік бағасы күрт өскенін айтады. Экономист Марағат Қайырленовтің пікірінше, елімізде кедейшілік деңгейі тұрақты түрде өсіп, адамдар өз табыстарының жартысынан көбін тек тамаққа жұмсайды. Қазірдің өзінде адамдар көкөністерді қолжетімді бағаға сатып алу үшін сағаттап кезекке тұруға мәжбүр.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАП БАРАДЫ

Былтыр азық-түлік тауарының бағасы 11,3%-ға, ақылы қызметтер 4,2%-ға артқан. Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, өткен жылы тауарлар мен қызметтер бағасының өсуі соңғы төрт жылда шарықтау шегіне жеткен. Бес жыл ішінде бір ғана жұмыртқа бағасы 19 пайызға қымбаттаған. Биылғы жылдың сәуір айындағы көрсеткіше сенсек, азық-түлік тауарының бағасы — 4,1%-ға, азық-түлік емес тауарлар — 2,5%, ақылы қызметтер 1,3%-ға өскен. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің жыл басынан бері әлеуметтік

маңызы бар өнімдердің қымбаттауына қатысты берген түсініктемесінде жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауары бағасының өсуі тіпті 7,5%-ды құраған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бағаның 5,6%-ға артқанын көрсетеді. Биыл бірінші жартыжылдықта негізгі өсім 5 позиция бойынша байқалған. Соңғы екі айда картоп — 69,1%, сәбіз 73,4%-ға қымбаттаған. Десе де, агенттіктің баға өсімі бойынша берген мәліметтері сан рет құбылып, әлеуметтік маңызы бар өнімдердің артуы туралы келтірген дерегі ай сайын өсіп отыр. Мәселен, бүгінгі баға екі күннен кейін басқаша құбылауы мүмкін. Сондықтан ресми статистикада келтірген азық-түлік бағасын дүкен сөрелеріндегі сандармен салыстырып шығуға тырыстық. Мәселен, екі келі ұн бағасы супермаркетте — 600 теңге, шағын дүкенде 800 теңге тұрады. Бір литрлік «Шедвр» күнбағыс майының бағасы — 965 теңге. Картоп бағасы біршама арзандап, тауық жұмыртқасының бағасы маусымға сәйкес төмендегенін, сәбіз бен қызылша қазақстандықтар үшін қолжетімді болмай тұр. Бір келі сәбіз — 500 теңге, ал сұранысқа ие емес қызылшаның келісі — 500-600 теңге.

ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті электрмен жабдықтаудан басқа барлық коммуналдық қызметтер арзандағанын алға тартқанымен, тұрғындар ай сайынғы төлемді артығымен төлемесе, баға кемімеген деп отыр. Айтуларына, ыстық пен суық су ақысы қымбаттап кеткен. Ай сайын төлемдерін кешіктірмей төлейтін Нұрғұл коммуналдық төлемнің бағасы үш есе өсіп кеткенін көріп жағасын ұстаған. «Алдыңғы айда 3 698 теңге төледім. Бұл жолы квадрат метр деп есептеліп келді. Бағасы 3 есе 11 094 теңге болып

жазылған. Судан бөлек, басқа да коммуналдық төлемдер 30 мыңның үстіне шығып отыр. Жалғыз жолдасымның айлығына қарап отырған біз үшін бұл қалтамызға қадімгідей ауырлық тигізіп отыр. Кеше үйдегі балалардың мектепке қажетті формалары мен құрал-жабдықтарын алып қою үшін базарға бардым. Сөйтсем азық-түлік түгілі киім бағасы да қымбаттап кетіпті» деп ашынады Нұрғұл.

ШАРЫҚТАҒАН БАҒАНЫ ШЕКТЕУГЕ ҚАУҚАРЫМЫЗ ЖЕТЕ МЕ?

Экономист Мақсат Халық айлықтың өсуі бағаның қымбаттауына алып келетінін жасырмайды. Дегенмен мемлекеттік қызметтің жалақысын арттыру жеке сектор үшін де тиімді екенін тілге тиек етті. «Мемлекеттің жалақы өсіруге байланысты ұстанымын қолдаймын. Өйткені басқа елдермен салыстырғанда біздің қызметкерлердің еңбекақысы айтарлықтай төмен. Сол себептен мемлекеттік қызметте кәсіби білікті мамандар қалмайды, барған күннің өзінде ұзақ отырмайды. Білікті кадрлар жеке секторға ауысқанды немесе шетелге шыққанды жөн көреді. Мемлекеттік аппараттың біліктісіздігі, кадрлардың білімсіздігі экономикамызды ілгерілетуге тежегіш күш болып отыр. Олардың жасаған мемлекеттік бағдарламалары шикі болып жатады. Халыққа дұрыс пайда әкелгісі келетін ойлары бар шығар. Бірақ кәсіби біліктісіздік, керісінше нарық пен экономиканың заңдарына қарама-қайшы келіп жатады. Кейбір бағдарламалары елдегі қымбатшылықтың артып, тұрғын үй бағасының шарықтауына әкеліп соғып жатқанына куә болып отырмыз. Сол үшін білікті кадрларды шақырту үшін жалақыны өсірген дұрыс. Тұрақты жоғары айлық кадрлардың тұрақтауына

әкеледі. Мемлекеттік қызметкердің жалақысы өссе, білікті кадрларынан айырылып қалмау үшін жеке сектор да мамандарының айлығын көтеруге әрекет ете бастайды. Сондықтан мемлекет тарапынан осындай ынталандырудың болғаны дұрыс», — дейді экономист Алайда сүйінші хабарды күні бұрын хабарлау екі есе қымбатшылыққа әкеледі екен. «Азық-түліктің қымбаттауына тек айлық өсер етіп отырған жоқ. Былтыр 10 айда ақша массасының көлемі 24 триллион 180 миллиард теңге болған. Биыл — 27 триллион 440 миллиард теңге. Жарты жылдың ішінде ғана ақшаның массалық көлемі көбейген. Қазіргі қымбатшылыққа жанама түрде осы да өсер етіп жатыр. Екінші мемлекет жалақыны өсіретіні туралы жаңалықты жар салып алдын ала айтудың қажеті жоқ еді. Айлықты өсіріп болған кезде сүйіншілеу керек. Өйткені жалақы өсімі туралы жаңалыққа нарық та тез бейімделеді. Қуанышты хабарды естіген күні жеке кәсіпкерлер тауар құнын алдын ала аспандатады», — дейді Мақсат Халық.

Шындығы сол, жыл санап өсетін жалақы, күн санап қымбаттап жатқан бағаға сай бүкіл елдің табысы өсіп жатпағаны анық. Шарықтаған бағаны шектеуге қауқарымыз жетпей жатқанда, қызметкерлердің айлығын арттырып, жұрттың жүрегіне тағы салмақ салып, жүйкесінің сыр беруіне әкелмесек болғаны. Өйткені бүгінгі өзінде халықтың тұрмыс-деңгейі мен бағаның қымбаттауы арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Айлықты өсіріп, бағаны тұрақтауға әулететін атқамінерлер орташа күнкөріс деңгейі 34 мыңға жеткенін алға тарталды. Алайда 30 мың теңгемден өмір сүру деңгейін есептеп шығарғандардың осы ақшаға бір бөтенке сатып алуға ақшасы жетеріне күмәнмен қарайсың. Дәл қазіргі жағдайда жазатайым жағдайға ұшырай қалсаң, 30 мың азық-түлік емес, дәрі-дәрмек сатып алуға жетпейді.

Зейнеткерлердің зейнетақысы, студенттердің шәкіртақысы, мүгедектердің жәрдемақысы, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын өсетіні жайлы сүйінші хабар жекеменшік ұйымда жұмыс істейтіндерді ғана емес, қатардағы мемлекеттік қызметкерлердің өзін де қуанта қойған жоқ. Өйткені сүйінші хабардың соңынан келетін жанармай, коммуналдық төлем, азық-түлік бағасының қымбаттауы көтерілген кәсіби білікті мамандардың табысын білді. Басшылар айтпақшы, бағаның өсуі барлық елде бірдей болатыны рас. Бірақ Еуропадағы көрсеткішті жиі мысалға алатын шенеуніктер Ұлыбритания мен еліміздің сандық мөлшері ұқсас болғанымен, ол елдегі айлық еуромен, ал бізде теңгеммен бағаланатынын естен шығарып алатын секілді. Олай болса, «әлемдік» деген әдемі сөзді әңгімелеріне арқау ететін атқамінерлер халықтың еңбекақысына да әлемдік деңгеймен өлшеп, мемлекеттік қызметтен басқа да саланың мамандарына мойын бұрып қойса дейсін.



Елдестірімек — елшіден

Дипломат болу — Отанға адалдық қана емес, өзіндік жан-жақты дамыту, үздіксіз оқу, әлемдік ағымдардың қырсырын зерделеу, саяси, экономикалық өзгерістерді ғана емес, әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды да жіті қадағалау дегенді білдіреді. Сонымен бірге дипломат — өз елінің тарихы, мәдениетінен бастап, географиялық-экономикалық ерекшеліктеріне дейін жетік біліп, өзге елдің тұлғаларымен тең сөйлесе алатын дәрежедегі тұлға. Ал дипломаттың кәсіби коммуникациясы оның шет елді қаншалықты игергеніне де байланысты.

Нұрбах Рүстемов төуелсіздіктің алғашқы жылдарында Алматы қаласындағы Сыртқы істер министрлігінің ескі ғимаратында отандық сыртқы саясаттың алғашқы легіндегі тандаулы тұлғалардан өнеге алды. Ол өзі аса құрмет тұтатын сыртқы саясат ізашарлары Қасым-Жомарт Кемелұлы, Төлеутай Скақұлының басшылығын, Ержан Хозеұлы, Қайрат Құдайбергүллі, Мұхтар Бескеноұлы, Ерлан Әбілфайызулы және басқа да әріптестерімен бірге атқарған дипломаттық миссиясын мақтан тұтады. Өйткені ешбір елде елшілігі жоқ, байырғы дипломатиялық дәстүрі ғасырлар мұнарында ғайып болғанымен, эпикалық жалында «Елдестірімек — елшіден, жауластырмақ — жаушыдан» деген жосын сақталып қалған жас мемлекетті шет жұртқа лайықты таныстырып, мүддесін қорғау — осындай кәсіби мамандардың ғана қолынан келетін алып мақсат болатын. Осы мақсатқа жету жолында Нұрбах Рүстемов те дипломатия шеберлерімен бір сапта әлемнің түрлі мемлекеттерімен қарым-қатынас орнату жұмыстарын жүргізді.

Нұрбах Рүстемовтің алғашқы қызмет орны — СІМ-нің шетелдік өкілдермен бірінші жүзбе-жүз байланыс орнатуды қамтамасыз ететін орталығы, яғни Мемлекеттік протокол қызметі. Протокол рәсімдері, шетел елшілерін қабылдау, олардың Қазақстанда елшілік ашуларына қолғабыс көрсету секілді жұмыстар ол кезде қызу қайнап жататын.

Дипломатия саласында атқарып жүрген қызметінде ол Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлының алғысы мен марапатына ие болды. Оның кәсібилігінің арқасында Мемлекеттік протокол қызметі мен СІМ алдындағы көптеген міндет нақты жүзеге асты. Нұрбах Рүстемов Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-қа, Қытайға, Ресейге, Ұлыбританияға, Францияға, сондай-ақ Оңтүстік Африка Республикасына және тағы басқа көптеген ірі елдерге сапарын ұйымдастыруға белсене араласты.

Елбасы бастаған мемлекет қайраткерлерінің ерен еңбегі мен көпвекторлы дипломатия арқасында Қазақстанның өзіндік сыртқы саясаты түзілді. Қазақстан

халықаралық құқықтық субъектілі, егеменді мемлекет ретінде мойындалып, беделді әмбебап ұйымдарға мүше болып кірді. Уақыт өте келе, өзге елдер арасындағы бітімгер ролін атқаруға барынша күш салды.

Елбасы әу бастан-ақ елдің жолын демократия, еркін нарық экономикасы бағытына бұрды. Мұндай жолда, әсіресе ел жастарына зор мүмкіндік берілді. Мұны да Нұрбах Рүстемовтің өмір тәжірибесіндегі мысалымен растауға болады.

Нұрбах Рүстемов 1999 жылы 34 жасында Қазақстан Парламенті Мәжілісі ІІ шақырымының депутаты болып сайланды. Ол Қазақстанның заң шығарушы органында 10 жыл еңбек етті. Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметінде де атқарды. Ол Парламент қабырғасында жүріп, елдің дамуына дем беретін бірқатар заңнамалардың қабылдануына ұйытқы болды. Әлеуметтік мәселелерді шешілуіне, аймақтардың дамуына қатысты маңызды бастамаларды қолға

алып, абыроймен атқарды. Қазақстанның парламентаризм институтын жаңғыртуға, өзге елдің парламентшілерімен ынтымақтастығын нығайтуға еңбек сіңірді.

Ол өзінің азаматтық ұстанымы, білімі мен беделінің арқасында заң шығарушы орган арқылы күрделі мәселелерді шешуге, ұлттық мұратты қорғауға ат салысты. Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы ретінде Қазақстанның сыртқы саясатындағы ұстанымын ілгерілетіп, мемлекеттік мүддені жүзеге асыруға зор үлес қосты. Мұндай белсенді қызметі үшін Нұрбах Рүстемовтің еңбегі ел басшылығы тарапынан еленіп, «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталды.

Сан қырлы депутаттық қызметін ғылыми еңбекпен үйлестірген ол экономика ғылымдарының кандидаттығына ғылыми еңбек қорғады. Санкт-Петербург қаласындағы Психология және менеджмент академиясының толық мүшесі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің құрметті профессоры атанды. Оған қоса, «Қазақстанның әлеуметтік саласының даму стратегиясы», «Қазақстанның әлеуметтік дамуы болжамдау», «Әлеуметтік инфрақұрылымның даму стратегиясын қалыптастыру» атты кітаптары жарыққа шықты.

Нұрбах Рүстемовтің өміріндегі тағы бір маңызды кезең — оның шетелдерде елші дәрежесіндегі жемісті қызметі. Ол біраз жыл бойы Қазақстанның Ирандағы, Мажарстандағы Төтенше және өкілетті елшісі, Сербия мен Македониядағы елші міндетін қоса атқарушысы болды. Өз елінің, Қазақстанның елшісі болу — айрықша мерей ғана емес, мәртебелі міндет, күн сайынғы сынақ.

Әсіресе, ол ең ұзақ, 6 жылдан астам Мажарстандағы және Сербиядағы елшілікте атқарған қызметінің арқасында елдер арасындағы байланыс кеңейді. Аталған қызметі үшін Нұрбах Рүстемов «Мажарстанның Орта кресі» ордені,

«Серб туының» ІІ дәрежелі ордені, ТМД-ның «Достастық» ордендерімен марапатталды.

Сонымен қатар елші лауазымында ол Мажарстанмен Стратегиялық әріптестік қарым-қатынас орнатуға көп еңбек сіңірді. Сербия мен Мажарстан басшыларының Қазақстанға және Елбасы Н.Назарбаевтың осы елдерге сапарын ұйымдастырды. Мажарстанда Абай, Сербияда Жамбыл ескерткіштері ашылып, «Нұр-Сұлтан — Будапешт» әуе рейстері жанданды. Мәдени байланыстар да қарқын алды, мәселен «Астана Опера» және «Астана Балет» әртістері Еуропаның талғамы биік көрермені алдында ұлтымыздың мәдени мұрасын ұлықтап, шетелдерде насихаттады. Сондай-ақ ең алғашқы Қазақ-Мажар тікелей инвестициялар қоры құрылып, бүгінде елімізде түрлі бизнес жобалары қаржыландырылуда.

Қазір Нұрбах Рүстемов Қазақстанның Румыниядағы Төтенше және өкілетті елші лауазымын атқарып келеді. Осы қызметте ол екі елдің арасындағы әлеуетті толық ашып, мүмкіндіктерді мейлінше кеңейтуге күш сала бермек. Бұл туралы қызметіне кіріскеннен кейін ол өзі де бұқаралық ақпарат құралдарына хабарлаған болатын. Шынында, аз уақыт ішінде екі елдің саяси, академиялық және іскер өкілдері арасындағы байланыстар жанданып, мәдени-рухани іс-шаралар нығая түсті. Мәселен, Румынияда пандемияға қарамастан Абай мен Құрманғазының ескерткіштері орнатылды, алдағы кезеңде Қазақ мәдениет орталығы ашылмақ және қазақтың танымал жазушыларының еңбектерін румын тіліне аудару жұмыстары жоспарланып отыр.

Алмаша АРЕНОВА,
Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы Өкілдігінің басқарма басшысы — Саяси тобының жетекшісі

Жаңаөзендегі «КЕЗБИ» жеке шағын серіктестігінің жұмысшылары еңбек жағдайларын жақсартуды және жалақыны көтеруді талап етіп, ереуілге шықты. Мемлекет басшысы мен еліміздің ірі мұнай компаниясына үндеуін әлеуметтік желіде жариялады.

Жұмысшылар неге наразы?

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Жаңаөзенде күннің аптап ыстығында алты күн бойы ереуілдеткен «КЕЗБИ» ЖШС-нің жұмысшылары басшыларына 12 тараудан тұратын талап қойды. Таратып айтсақ, жалақыны көтеру, сыйақы төлеу жүйесін қайта қарастыру, зиянды аймақта жұмыс істегені үшін ақы төлеу, жұмысшыларды еңбек өтіліміне қарай мансаптық өсіру мен жылдық еңбек демалысына сауықтыру үшін бір айлық жалақы көлеміндегі қосымша ақы төлеу. Екінші категория бойынша төлеу, ұнғыны күрделі жөндеу бригадалары шеберлерін өндіріс басына қалдыруды тоқтату, жыл қорытындысына сай 13-айлық төлеу, ұнғыны күрделі жөндеу бригадаларына БТМА (ЕТКС) бойынша бір бұрғышы көмекшісін қосу, еліміздегі айтулы мерекелік күндеріне ақы төлеу, жұмысшыларды талапқа сай құрал-саймандармен қамтамасыз ету және жыл аяғында жұмысшылардың бір жылғы

Жекеменшік мекеме болғандықтан оның ішкі экономикалық жағдайына араласа алмаймыз. Бұл – жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы жағдай. Сол жағдайды білейін, өз көзіммен көрейін, заңға сәйкес мәселені айтайын деп келдім. Экономикалық жағдайдың бәрі қаражатқа тіреледі. Жекеменшік мекеме бар, мемлекеттік мекеме бар, мұның бәріннің аражігін айырып айтуымыз керек. Зандылығын түсіндіруіміз керек. Барлығымызға ортақ заң бар. Сондықтан да барлығы заңның аясында шешілуі керек деп есептеймін», – деп кесіп айтты.

Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Ғалым Ұлықпанұлының айтуынша, «КЕЗБИ» ЖШС-де бір мыңнан аса адам жұмыс істейді. Жұмыс берушіге қойған олардың талаптарының дені орындалатын болып келісілді. Енді бұл проблема қайта қозғалды дегуге негіз жоқ. Дейтұрғанмен де, мұндай даудың енді болмайтынына ешкім кепілдік бере алмайды.



жалақысы туралы мәліметпен таныстыру. Олар талаптары орындалмағандықтан, 10 шілдеден бастап аштық жариялайтынын айтты.

Жұмысшылармен жүргізілген келіссөздер қорытындысына сәйкес, еңбек дауды реттеу бойынша арбитраждық еңбек комиссиясы құрылды. Комиссия құрамына Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары Ғ. Байжанов, Маңғыстау облысының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары Н. Баулыбаев, «КЕЗБИ» ЖШС жұмысшылары кәсіподағынан 4 өкіл және «КЕЗБИ» ЖШС басшылығынан 4 өкіл енді.

Тіпті, облыс әкімі С.Трұмов Жаңаөзен қаласына барып, арбитраждық еңбек комиссиясы мүшелерімен кездесті. Арбитраждық комиссия отырысы нәтижесінде жұмысшыларға бірнеше ұсыныс жасалған. Ол – жалақыны 30 пайызға, сыйақыны 35-45 пайызға көтеру. Ал, зиянды аймақта жұмыс істегені үшін ақы төлеу – жұмыс орындарын аттестациялау қорытындысына сәйкес қарастырылуын және жұмысшыларды еңбек өтіліміне қарай орналастыру секілді ұсыныстар мен жалпы он екі тараудан тұратын жұмысшылар талабының дені шешілетін жағдай қарастырылған.

Аймақ басшысы жұмысшылармен кездесуінде: «Бұл – жекеменшік мекеме.

Бұған біз «КЕЗБИ» ЖШС-ті жағдайға орай пікір білдірген «Қазақстандық мұнай-газ кешені салалық кәсіподағы» ҚБ Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Мақсат Рахановтың сөзінен соң көз жеткізді.

«Біз «КЕЗБИ» ЖШС-ның жұмысшыларының ереуіліне қатысымыз жоқ. Дегенмен бұл мәселе бойынша айтармын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның сервистік мекемелері мен тендерге қатысып белгілі бір ауқымды жұмыс атқару қызметін ұтып алатын мекемелердің жұмысшыларға төлейтін жалақысында айырмашылықтар бары рас. Ол тендерден жұмыс ауқымын ұтып алған мекеменің қаражаты мен жұмысшылар істейтін жұмыстың ауқымына байланысты болады. Бұл мәселе ұлттық компанияға қарасты сервистік компаниялар және тендермен жұмыс ауқымын алатын мекемелерінің жалақысын тең қылып, оны заңдастырмайынша өзектілігін жоймайды», – дейді Мақсат Қиқбайұлы.

Айтарлығы, мұны қызметкерлердің барлығы бірдей біле бермейді. Мұның ақыры жұмысшылардың жөн-жосықсыз ереуіл жасап, кез келген істен ілік іздеп, Үкіметтен қолдау сұрайтын жағдайға жеткізеді. Бұндайда талап етудің де жөні барын жұмысшы тарап ескерсе, қанеки...

Атырау облысы

Монополист компаниялар электр желілерін иеленбек



Ақмола облысының бірқатар ауданында тозығы жеткен электр желілерінің Ақмола электр желілік үлестіру компаниясына берілмей келе жатқанын өткен сандарымызда көтергенбіз. Мәселе ондаған жылдан бері шешімін таппаған. Дегенмен сең қозғалып түйіннің шеті тарқатылған сияқты. Мүдделі министрліктің бірнеше күннен кейін дереу қолға алып жүргізген жұмыстары туралы баян етті.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Мақала жарияланғаннан кейін хабарласқан Ақмола облысының Табиғи монополияларды реттеу департаментінің басшысы Азамат Сабыржан Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу комитетінен жеткен хатты ұсынды. Құзырлы органның мәліметіне сенсек, электр желілерін үлестіруші компанияға тарату бағытында бірқатар маңызды шаруа атқарылыпты.

Комитет осыдан он жыл бұрын 2011 жылдың 1 наурызында шыққан заңға өзгерістер енгізілгенін мәлімдеді. «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 17, 18 және 18-1-баптарына сәйкес, жергілікті әкімдік сенімгерлік басқаруға алған жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін тарифтің шығын бөлігінде субъектілердің тарифтерін қалыптастыру және бекіту кезінде негізгі құралдарды ұстауға және жөндеуге арналған шығындарды ескеру бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифті қалыптастыру қағидаларының 634-тармағына өзгерістер енгізілді», – делінген Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің ресми хабарламасында.

Құзыретті органның хабарлауынша, аудан әкімдіктерінен сенімді басқаруға алынған электр энергиясы желілерін пайдалану және жөндеуге арналған шығындар тарифтік смета шығындарының сомасынан еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму

болжамында көзделген инфляциядан аспайды.

«Министрлік мұнымен қоса «Табиғи монополиялар туралы» заңына энергия беруші ұйымдардың тарифін өзгертуді көздейтін желілерді сенімді басқаруға қабылдау кезінде оларға қызмет көрсету және пайдалануға арналған шығындарды ескеретін түзетулерді әзірледі. Ал бұл түзетулер бүгінде Doing Business рейтингісінің реформаларын іске асыру мақсатында бизнес жүргізу мәселелері бойынша заңнамалық бастамалар түзетулерінің 9-пакеті шеңберінде әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасына енгізілді», – деп толықтырды Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу комитетінен.

Министрлік аталған заң жобалары негізінде жергілікті атқарушы органдардың теңгерімінде қараусыз қалған барлық электр желілері мен бюджеттің бүйірінен шыққан қаражатқа салынған желілердің құжаттарын заңдастырып, тозған бағандар мен сымдарын қалпына келтірмек.

«Осы жұмыстардың барлығы атқарылып болғаннан кейін жергілікті атқарушы органдардан электр энергиясы желілерін пайдалануға қатысты сенімгерлік басқаруға алу жайлы шарт табиғи монополия субъектілерімен жасалады. Яғни, ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу комитеті өз құзыреті тарапынан мәселені шешуде барлық шараларды жүзеге асыруда», – деп толықтырды Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу комитетінен.

Кештетіп болса да, Энергетика министрлігінің Целиноград ауданының елорданың іргесіндегі бірқатар ауылдарындағы он жылдан бері қордаланып келе жатқан электр желілері мәселесін шешу бағытында атқарған тірліктері жөніндегі жауаптары да жетті.

Министрлік Ақмола облысының әкімдігіне Премьер-Министр Аскар Маминнің тапсырмасының орындалу барысы, оның ішінде электр желілері мен 49 қосалқы

стансаларды қалпына келтіру мәселесі бойынша сұраныс жолдапты.

Ал облыс әкімдігі министрлікке жолдаған ақпаратында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде бюджет қаражатына салынған электр желілері құрылғыларын қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны баян етіліпті.

«Ақмола облысы әкімдігінің деректері бойынша, бүгінде №1 РП жабдықтары жинақталып, №3, 21, 25 және 28 ТП-кернеулі желілерін қалпына келтіру жұмыстары орындалған. Ал №35 ТП-де іске қосу және жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар қазір абоненттерді қалпына келтірілген ТП-ға қосу жүзеге асырылып жатыр. Қалпына келтіру жұмыстарын осы жылдың тамыздың 31-не дейін аяқтауды көздеп отырмыз», – деді Энергетика министрлігінен.

Министрлік аудан әкімдігінің коммуналдық меншік теңгерімінде қараусыз қалған электр желілері нысандарын Ақмола электр желілік үлестіру компаниясының сенімді басқаруына берілмеуінің бірнеше себебін атады.

«Біріншіден, әкімдікте ішінара электр желілеріне оның ішінде жер актілеріне құқық беретін құжаттары жоқ. Екіншіден, оларды сенімді басқаруға қабылдау кезінде желілерді пайдалану және қызмет көрсетудегі шығындарды ескеретін энергия беруші ұйымдардың тарифті өзгерту нормалары жоқ», – деп толықтырды Энергетика министрлігінен.

Аталған мәселені шешуде Премьер-Министр Аскар Маминмен бейінді министрліктерге «Мемлекеттік мүлік туралы», «Салық кодексі» және Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер енгізу жөнінде тапсырма берілген.

«Министрлік Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп электр желілерін теңгеріміне қабылдау немесе сенімді басқаруға алу кезінде пайдалану және қызмет көрсету шығындарын ескеретін энергия беруші ұйымдардың тарифінің өзгеруін қарастыратын тиісті түзетулерді әзірледі. Қазір аталған бағытта жұмыстар жалғастырылып жатыр», – деп толықтырды Энергетика министрлігі.

P.S.

Сонымен, он жылдан бері шешілмей, тоны жібімеген мәселе сең қозғалды. Заң жобасына бірқатар өзгеріс енгізілді. Бұл жарығы жиі өшіп, сымдары үзіле беретін ауылдардың желілерін қайта қалпына келтіруге ықпал етпек. Тиісті министрліктер жауабында осылай делініпті. Енді министрліктер жүзеге асырған заң жобаларына түзетулер мен өзгерістер Парламентте қабылданып, жергілікті билік органдарынан қолдау тауып, қауырты әрекет жасалса, мәселе жылдам шешілері анық...

Ақмола облысы

Қағаз қалдықтарын өңдейтін өндіріс орны жоқ

Бүгінде кәсіпкерліктің сан түрі даму үстінде. Бұрнағы кезі қол жетпес армандай көрінген бизнесті бұқара барынша игеріп, есік алдындағы бақшаның өзінен байлыққа кенелуге болатынына көзі жетті. Алайда өтпеген-ай дейтін бір тұс – Жамбыл жерінде қағаз қалдықтарын қайта өңдейтін өндіріс орны жоқ. Сауда орындарынан күнделікті тонналап шығып жатқан қағаздардың бір бөлігі көрші өңірге сатылып кетіп жатса, қалғандары қоқыс жәшіктерінде жатыр.

Саятхан САТЫЛҒАН

БАБАЛАР САЛҒАН ІЗДЕН
ЖАҢЫЛДЫҚ ПА?

Көзін таба білгенге қағаз да – қазына. Оны бабаларымыз ертеде-ақ түсінген. Биыл 1270 жыл толып отырған әйгілі Атлаш айқасынан кейін қағаз өндірісі Тараз топырағына жеткен. 751 жылы мұсылмандар Талас өзені маңында Қытай әскерімен соғысып жеңіске жеткеннен кейін, тұтқынға түскендер мұсылмандарға қағаз жасау құпиясын ашқан. Араб жазушысы Абу Шама аль-Максиди «Әл Бадү әт-Тарих» атты еңбегінде: «Бес күнге созылған бұл соғыста Қытай әскерінің 45 мыңы өліп, 20 мыңы тұтқынға түсті» деп жазады. Міне, осы тұтқындардың көмегімен Тараз, Бағдат, Мысыр, Марокко, кейіннен Испанияда қағаз өндірісі қарқынды дамиды. Папирусқа қарағанда жасалуы арзан әрі сапалы қағаз шығаруды үйренуі арқылы бабаларымыз кітап жасап, тарихымызды таңбалады. Бұл қағаз өндірісінің Тараз топырағында ежелден дамығанын айғақтап тұр. Алайда бүгінгідей адамның табаны айға тиіп, саздан сарай, шаңнан шаһар тұрғызған озық технология ғарыштық жылдамдықпен дамыған кезде қағаз өндіріс түгілі, оның қалдығын қалаға жаратпай отырғанымыз жана батады.

«Ауыл – береке» базарына халық көп келетіндіктен күнделікті тауар айналымы қарқынды. Әрбір тауар картон қаптамалармен келетіні де түсінікті. Осы бұйымдар



сауда сөрелеріне шығарылғаннан кейін тонналап қағаз қалады. Облыста қағаз өңдеумен айналысатын кәсіпорын болмағандықтан біз оны алматылық компанияларға келісімшарт бойынша сатып жібереміз. Көрші өңірдегі кәсіпкерлер жүк көліктеріне басып алып кеткен картондарды өңдеп, оны қайта орап бізге сатады. Егер жергілікті жерден қағаз өңдейтін өндіріс орны ашылса, біз олармен жұмыс істеуге дайынбыз, – дейді «Ауыл – береке» базарының басшысы Эльмира Қарабекова.

ӨЗІМІЗ ЕМЕС, ӨЗГЕЛЕР ҚЫЗЫҒЫН
КӨРІП ЖАТЫР

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде пластик, макулатура, қағаз қалдықтарын және әйнекті алдын ала сұрыптаусыз полигондарда көмуге тыйым салынғанынан ел хабардар. Нәтижесінде, полигондар сұрыпталмаған қоқысты қабылдаудан бас тартып, қалалар аумағы қоқысқа тола бастады. Ал Үкімет «Жасыл экономика» жобасын жандандырып, 2030 жылға қарай коқыс өңдеу бойынша 14 пайыздық көрсеткішті 40 пайызға жеткізу межелесін қойды. Ал бүгінгідей жағдайда бұл жобаны жүзеге

асыру мүмкін бе? Қарапайым қағазды өңдей алмай жатқанда тұрмыстық қатты қалдықтарды табыс көзіне айналдырамыз деу – қиынның-қиыны.

Осы ретте біз Тараз қаласында қағаз қалдықтарын қайта өңдеу шаруашылығына қатысы бар-ау деген азаматтарға іздеу салдық. Дені тілдесуден бас тартып, қағазды қаншаға қабылдап жатқандарын да айтудан қашты. Тек «Қазақстан қағазы» компаниясының өңірдегі филиалы ретінде ашылды. 2012 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Ясар» жеке кәсіпкерлігі аз-маз ақпарат берді. Ондағы мамандардың айтуынша, олар картон қағаздарын 35-40 теңгеге сатып алады екен. Келушілер қағазды өздері алып келсе 40 теңгеге алады, барып алып кетсе 35 теңгеге бағалайды. Ал сапалы ақ қағаздарды 45 теңгеге қабылдайды. Алайда быдан бастап кәсіпорын газеттерді қабылдамайтын болыпты. Себебі газет қағаздарының сапасы қайта өңдеуге жарамайтын көрінді.

МЕМЛЕКЕТТІК СУБСИДИЯ ДА
СЫРТҚА КЕТПІ ЖАТЫР

Әрине, сананы тұрмыс билеген заманда кім болмаса да пайданы көздейтіні белгілі.

Алайда биыл тұрмыстық қалдықтарды жинауға берілетін субсидия көлемі екі есеге өскені бұл кәсіп түріне басқаша көзқараспен қарауды мензеп тұр. 14 маусымнан бастап қайталама шикізатты жинаушыларға EcoQolday жобасы аясында субсидияны өсіруге Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі келісім берді. Аталған қадам қайта өңделетін қалдықтарды жинау географиясын кеңейту және салалық бизнес үшін тартымды болу мақсатында қолға алынып отыр. Айталық, бұған дейін шынының тоннасына 22 344 теңге берілсе, қазір оның құны 44 688 теңгеге ұлғайған. Пластик қалдықтарын жинағандарға әр тоннасына 26 398 теңге белгіленсе, енді оның сомасы 52 797 теңгеге өсті. Макулатураға берілетін субсидия 16 976 теңгеден 33 953 теңгеге дейін артты. Оған қоса «Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері Операторы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы бағытты субсидиядан бөлек, көлік шығындарын да ішінара өтейді және EcoQolday платформасы арқылы шикізатты қалаға жаратушы зауыттарға тікелей сатуға мүмкіндік береді. Орташа есеппен алғанда бір реттік тасымалдау үшін жинаушыға «Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері Операторы» ЖШС 600 мың теңге төлейді және аймаққа байланысты әр шақырымына 8 теңгеден тасымалдауға беріледі. Қазір EcoQolday тетігі шеңберінде жинаушыларға, тасымалдаушыларға және қалаға жаратушыларға расталған төлемдер сомасы 480 миллион теңге болған. Статистика мен сарапшылардың пікірінше, қайталама шикізатты неғұрлым белсенді жинау Алматы, Шымкент қалаларында және Алматы облысында жүзеге асырылып жатыр. Аталған аймақтар осы аралықта 17 мың тоннадан астам қаптамалық қалдығын жинаған. EcoQolday жобасына қайта өңделетін қалдықтарды жинауды жүзеге асырып жүрген, сондай-ақ ісін жана бастаған кәсіпкерлер де қатыса алады. Алайда байқап тұрғандарыңыздай жоба тек Алматы мен Шымкент қалаларында ерекше қарқын алған. Ал Жамбыл жерінде оның лебі де еспей отыр. Оған бірден-бір

себеп Әулиеатада қарапайым қағаздың өзін өңдейтін кәсіпорын жоқ. Ал қағаз қалыңдаумен айналысып отырған кәсіпкерлер оны арзанға алып, өзге өңірге өткізгендеріне мээ. Соның салдарынан мемлекеттің миллиондаған субсидиясын басқа облысқа кетіп жатыр.

БҮЛ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ
АСА МА?

Ресми мәліметті сөйлетсек, Қазақстанда жылына 6 миллион тонна коқыс жиналса, соның 20 пайызы қағаз картондар екен. Көрші елдерде қағаз қалдықтарын қайта өңдеу мықтап қолға алынғандықтан макулатураның басым бөлігі шет мемлекетке кетіп жатқаны да жасырын емес. Өйткені ондағы қабылдау құны бізден сан есе жоғары. Бір ғана мысал, Ресей мемлекетінде осы бағыттағы қайта айналымы 4 миллиард АҚШ доллары. Ал Жамбыл облысындағыдай қағазды 35-40 теңгеден қабылдап отырсақ, олармен бәсекелес алмайтынмыз айдап анық.

Шындығына келгенде, мемлекет тарапынан бұл бағытқа субсидия еселеніп бөлініп жатқанда кәсіпкерлер тұрмыстық немесе қағаз қалдықтарын қайта өңдеу бизнесін қолға алмай жатқаны түсініксіз. Алайда бұлай өкпелеуге болмайтын секілді. Олай дейтініміз – жуырда Жамбыл облысына Мемлекет басшысының көмекшісі Канат Бозымбаев жұмыс сапарымен келгенде кәсіпкерлер Әулиеатадан тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауытын салу мәселесін Президентке жеткізуді өтінген болатын. Алайда бір жылдары Жамбыл облысын басқарып кеткен Канат Алдабергелі бұл ұсынысты қолдамай, «мемлекет қаржысын бұлай шашуға болмайды» дейді. «Жамбыл облысының тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт ашу керек» деп арагиді айтылатын мәселе су сенкендей басылды. Тек күні кеше әкімдік тарапынан бұл бағытта алдағы уақытқа жоспар түзіліп жатқаны туралы ақпарат тарайды. Алайда ол жоба қашан жүзеге асып, қашан өндіріс орны іске қосылатыны белгісіз.

Жамбыл облысы



Үш елде Abai Uii ашылады

Биыл қазақ көп шоғырланған Моңғолияның Баян-Өлгей аумағында, Ресейдің Астрахан, Қырғыз елінің Бішкек қалаларында Abai Uii мәдени-іскерлік орталығы жобасы іске қосылатын болды. Бұл жоба шетелдегі қандастармен мәдени-гуманитарлық және іскерлік байланыстарды дамыту мақсатында жұмыс істейді.

Еске сала кетсек, былтыр Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен Abai Uii Ресейдің Омбы, Әзербайжан Ташкент, Түркияның Стамбұл, Германияның Берлин, Украинаның Киев қалаларында ашылған болатын. Ал дүние-жүзінде одан бөлек 250-ге жуық Қазақ мәдени орталығы бар. Оның шамамен 150-і белсенді жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар әлемнің 12 елінде қандастарымызды ана тілінде оқытатын «қазақ тілі» сыныбы ашылған. Бейресми мәліметке сүйенсек, шетелде 5 миллионнан 7 миллионға дейін этникалық қазақ тұрады екен. Олардың нақты саны бойынша қазір

зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

— БҒМ қолдауымен шетелдегі ағайынды қазақ тілін оқыту бойынша бір әмбебап құрал әзірлеуде. Себебі латын, төте жазумен үйренген балалардың кирилше үйренуі өте қиын. Қандастарды ақпараттық қолдау орталығы — 1404. Оған кез келген бауырымыз хабарласып, көмек ала болады, — дейді «Отандастар қоры» KEAK вице-президенті Мағауия Сарбасов.

Оның айтуынша, бүгінде 70-тен астам орталықтың барлығымен байланыс орнатылып, арнайы меморандумдарға қол қойылған.

Е.БОЛАТУҒЫ

Арқарлы петроглифтеріне бір белгі

Алматы облысындағы Арқарлы петроглифтерінің нақты аумағы анықталып, онда мөртмәрте астам белгі орнатылды. Тасқатбалғанған тарихи ескерткіштер ұзындығы 20, ені 6 шақырымдық аумақта орналасқан. Ол жердегі 10 шоқыдан әзірге 3 мыңнан астам петроглиф табылды.

Әлкей Марғұлан атындағы археология институты мен Алматы облыстық әкімдігі қазір 3 мың жылдық тарихы бар таңбаларды құжаттандырумен айналысуда. Бұл жұмыстардың 90 пайызы бітіп тұр. Қазан айында толығымен аяқталғаннан кейін мемлекеттің қорғауына алынған

ашық аспан астындағы археологиялық паркке айналады.

— Барлық петроглифтердің паспорттары жасалғаннан кейін JPS арқылы осы жерде сол орналасқан жерінің арнайы сызбасы жүргізіледі. Сосын ол сызбалар Кербулак аудандық жер қатынастары бөлімінің базасына енгізіледі. Осы жұмыстардың бәрі біткеннен кейін Талдықорған қаласында республика деңгейіндегі конференция өткізіліп, сол жерде археолог ғалымдар анықталған, табылған жұмыстар бойынша баяндама жасайды, — дейді облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәріле Қолбаев.

Ғали ТӨЛЕК

Елордада ерекше көрме өтіп жатыр



9 шілдеден бері Елбасы музейінің көпфункционалды көрме залында корей суретшісі Ли Инамның цифрлық өнер туындыларының көрмесі өтіп жатыр. Бұл шараны Корей Республикасы елшілігінің Корей мәдени орталығы мен Елбасы кітапханасы, Нұрсұлтан Назарбаев қоры бірігіп ұйымдастырды.

Бұл ретте әлемге әйгілі корей суретшісі Пэк Намджунның мұрагері деп саналатын медиа өнер шебері Ли Инам Шығыс Азия классикалық кескіндемесінің әйгілі картиналарын негізге ала отырып, Шығыс және Батыс өнерінің үйлесімін көрсеткен. Ол төрт жағынан үлкен мультимедиялық LED-экрандармен жабдықталған. Классика мен заманауи кескіндемені бір мультимедиялық контентке то-

ғыстырған тың стильдегі 50 минуттық туынды Қазақстан мен Корея ынтымағының келешегін дәріптейді.

— Пандемияға байланысты ашылу рәсіміне қатыса алмағаныма өте өкінемін. Соған қарамастан, Қазақстанда корей классикалық кескіндемесінің танымал картиналары насихатталып жатқаны қуантады. Осы көрмеге арнап өз туындыларымызды «Жарықтың жандануы» тақырыбында дайындадым. Сол арқылы Корея мен Қазақстан арасындағы өзара қарым-қатынастардың тарихи сипатына жарық түсіргім келді, — деді көрменің ашылуында тікелей байланыс арқылы сөз алған Ли Инам.

Айта кетсек, Корей мәдени орталығы бұл шараны Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында қолға алып отыр.

Ерік ЕЛЕУСІЗ

ИТАЛИЯ – екі дүркін Еуропа чемпионы

Италия араға 53 жыл салып екінші рет Еуропа чемпионы атанды. Ойынның негізгі бөлігінде 1:1 есебімен тең түскен қос құрама ойыншылары, овертаймда да жеңімпазды анықтай алмады. Пенальти сериясында «Скуадра Адзурралықтардың» мерейі үстем болды.

Абылайхан ЖҰМАШ

Осымен Еуро біріншілігінің финалында екінші рет жеңімпаз пенальти сериясы арқылы анықталып отыр. 1976 жылы Югославия мен Чехословакия арасындағы ойын да 2:2 есебімен аяқталып, жеңімпаз пенальти сериясында (5:3) белгілі болған.

Бұл ағылшындардың аталған сындағы алғашқы финалы болғаннан кейін бе, әлде шешуші ойын өз жерінде өткен сон ба, әйтеуір «Уэмблиге» жиналған жанкүйерлердің қарасы көп болды. Атап айтқанда, 58 мың ағылшын жанкүйері мен 6 619 италиялық жанкүйер сүйікті құрамаларына жақтасты. Екі команда бұған дейін 27 рет кездесіп, оның 10-ында Италия жеңсе, 8-інде Англия басым түскен, ал қалған ойындар тең есеппен аяқталды.

Нидерландтық бас қазы Бьорн Куйперстің ысқырығы естілісімен, ағылшындар бірден шабуылға шықты. Гол да ұзақ күттірмеді. Ойынның 2-минутында ағылшындар есеп ашты. Люк Шоу қорғаушы Триппердің айып



жартылай қорғаушысы Жоржиньо бір маусымда Чемпиондар лигасы мен Еуропа чемпионатын жеңіп алған тарихтағы 10-ойыншы атанды.

Ойынның негізгі уақыты тең аяқталған соң, қос құрама экстра-таймда есеп ашуға тырысып бақты. Дегенмен алма-кезек шабуыл кезінде қақпашылар өз қызметін мұлтіксіз атқарып, қақпаларына гол өткізбеді. Ойынның соңғы минутында Англия бас бапкері Гарет Саутгейт

қақпашысы Джанлуиджи Доннарумма болды. Биыл Еуропа ол алаңда 719 минут ойнаған, бұл — ең көп көрсеткіш. Жеті матчтың үшеуінде гол жібермеген. Бұл ойындарда 4 гол жіберіп, 9 сэйв жасаған. Қақпашы өзінің небәрі 22 жаста екеніне қарамастан, ұлттық құрама сапында 33 кездесуде жасыл алаңға шықты. Ол биылғы құрлықтық дода финалындағы пенальти сериясында екі соққыны қайтарды. Командасының Англияны жеңуіне үлкен үлес қосты. 1992 жылдан кейін алғаш рет қақпашы турнир үздігі атанып отыр (Петер Шмейхель). Бұған дейінгі өзге Еуропа ойыншылары төмендегідей. Олар: 1996 жылы: Маттиас Заммер (Германия), 2000 жылы: Зинеддин Зидан (Франция), 2004 жылы: Теодорос Загоракис (Греция), 2008 жылы: Хави Эрнандес (Испания), 2012 жылы: Андрес Иньеста (Испания) және 2016 жылы: Антуан Гризмани (Франция).

Ал Португалия құрамасының шабуылшысы Криштиану Роналду футболдан 2020 жылғы Еуропа чемпионатының үздік сұрмергені болды. Роналду бұл турнирде бес гол салды — бәрі де топтық кезеңде соғылды. Венгрия мен Франция құрамаларына екі, Германия қақпасына бір доп салған. Ал Чехия құрамасының шабуылшысы Патрик Шиктің де еншісінде бес гол бар. Бірақ Роналду одан қосымша көрсеткіштер бойынша алда тұр. Португалия капитаны бір нәтижелі пас берген. Оның үстіне Роналду Шикке қарағанда аз ойын өткізді. Сонымен қатар Франция құрамасының шабуылшысы Карим Бензема, шведиялық Эмиль Форсберг, ағылшын Харри Кейн мен бельгиялық Ромелу Лукаку биылғы құрлықтық жарыста төрт голдан салды.

Аталған доп додасында осымен қатарынан 3 финалды өз алаңында өткізген командалар жеңіліс тапты. 2004 жылы Португалия Грекия құрамасынан 0:1 есебімен жеңілсе, 2016 жылы Франция Португалияға 0:1 есебімен жол берді. Бұл жолы Англия Италиядан пенальти сериясында 2:2 есебімен жеңілді.

Айта кетейік, бұл — 16-бәсеке. 1960 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылып жүрген Еуропа біріншілігі биыл тұңғыш рет кәрі құрлықтың 10 мемлекетінде орналасқан 11 стадионда өтті. Бұл дүбірлі доданың 60 жылдық мерейтойына орай 24 құрама сығға түсті. Енді 2024 жылы дүбірлі дода Германия мемлекетінде өтеді.



аланына көтерген добын голға айналдыра білді. Есеп — 0:1. Бұл Еуропа чемпионаттарының финалындағы ең жылдам гол ретінде тіркелді.

Жылдам гол соғып алған Англия көп өтпей қорғанысқа көңіл бөле бастады. Ал италиялықтар болса таразы басын теңестіруге тырысты. Алайда ойынның бірінші бөлігінде тек бір гол соғылды. Ал үзілістен кейін италиялықтар шабуылды үдете түсті. Вингерлер сәт сайын капитал ауыстырып, шабуылдар қауіпті соққылармен аяқталып жатты. Бірақ Пикфорд қорғаған қақпаға гол дарымады. Кездесудің 67-минутында да ағылшындық қақпашы Вераттидің баспен бағытталған соққысын қайтарғанымен, сол сәтте қақпа маңында жүрген Леонардо Бонуччи допка бірінші жетіп, теңбіл снарядты торда тулатты. Осылайша, ол Еуропа чемпионатының финалында гол соққан ең егде ойыншы атанды (34 жас, 71 күн). Бұл көрсеткіш бойынша ЕУРО-1976 турнирінде рекорд орнатқан Бернд Хельшенбейнге тиесілі болатын (30 жас, 103 күн). Мұнымен қоса «Ювентус» қорғаушысы осы матчтың үздік ойыншысы деп танылды. Ал «Челсидің»

пенальти сериясына арнайы Маркус Рашфорд пен Джейдон Санчоны шығарды. Бірақ бір қызығы, дәл осы футболшылар мен негізгі уақыт аяқталар тұста алаңға кірген 19 жастағы Букайо Сака пенальти сериясында гол соға алмай қалды. Ойын барысында да, 11 метрлік айып добын орында кезінде де басым түскен Италия осылайша Еуро-2020 турнирінің чемпионы атанды.

Жалпы, турнир кезінде Италия құрамасы барлығы 13 гол соқты. Бұл «Скуадра Адзурраның» ірі халықаралық турнирдегі рекорды саналады. Италия бұған дейінгі 1934, 1982 және 2006 жылғы Әлем чемпионатында 12 голдан соққан болатын.

Еуропаның екі дүркін чемпиондары — Еуро турнирінің барлық 7 ойынында жеңіске жеткен алғашқы команда атанды. Сонымен қатар бұл құрама 34 ойын бойы жеңіліссіз сериясын жалғастырып келеді. Манчини ойыншылары енді екі ойын жеңілмесе, ұлттық құрамалар арасындағы әлемдік рекордты жаңартады.

Футболдан 2020 жылғы Еуропа чемпионатының үздік ойыншысы Италия құрамасының

Джокович – Уимблдон жеңімпазы

Әлемнің бірінші ракеткасы серб Новак Джокович Уимблдонның финалдық кездесуінде 6:7 (4:6), 6:4, 6:4, 6:3 есебімен италиялық теннисші Маттео Берреттиниді жеңді.

Бұл сәттілік Новакқа мансабында алтыншы рет Уимблдон чемпионы болуға мүмкіндік берді. Осылайша, теннисші көрсеткіштері бойынша рекордшылар Роджер Федерер мен Рафаэль Надальмен тенескен «Үлкен дулыға» турнирлерінің 20 дүркін жеңімпазы атанды.

2021 жылы Джокович өзінің екі негізгі қарсыласын қуып жетіп, алғашқы үш үлкен турнирде жеңіске жетті.

Ол алғашқы «Үлкен дулыға» титулын 2008 жылы Аустралияның ашық чемпионатында еншіледі. Сол жылы сербтен алты жас үлкен

Федерер өзінің 20 атағының 12-сін алып үлгерген болатын.

Қуанышын бөліскен Джокович өз сөзінде Надаль мен Федерерді атап өтті. «Мен Рафа мен Роджерге құрмет білдіргім келеді. Олар біздің спорттың аңыздары және мен бәсекеге түскен ең керемет ойыншылар», — деді Джокович.

«Кейінгі 10 жылым керемет өтті, мен мұнымен тоқтамаймын» деп қорытындылады ол. Әйгілі теннисші Роджер Федерер де Джоковичті Twitter-де жеңісімен құттықтады.

Ал әйелдер арасындағы сында аустралиялық теннисші Эшли Барти жеңімпаз атанды. Ол финалды чехиялық теннисші Каролина Плишкovanы 6:3, 6:7, 6:3 есебімен жеңді.

А.ЖАСАНҒЫ

